



“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ШЕКАРАСЫН ҚАС ҚАҚПАЙ КҮЗЕТУ,  
ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ –  
ЖАУАПТЫ ӘРІ ҚАСТЕРЛІ МІНДЕТ

№52  
(4796)

Сейсенбі  
6 мамыр  
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘСКЕРІМІЗДІҢ  
ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

6-БЕТ | АЙБЫН



ӘКЕСІ ҮШІН  
КЕК АЛҒАН

7-БЕТ | ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ



АҚМОЛАНЫҢ  
ӘСКЕРИ КҮШТЕРІ

8-БЕТ | ТАЛАЙҒЫ ТАРИХ



Астанада Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай демеушілік қаражат есебінен ұйымдастырылатын мерекелік отшашу 9 мамыр күні сағат 22.00-де екі жерден ұйымдастырылады: Ботаникалық бақ және «Атырау» көпіріне іргелес аумақ. Әр жерде 4 мыңға жуық рет атылады.



## ОТАН ҚОРҒАУ – АСҚАҚ АБЫРОЙ

Елімізде жыл сайын 7 мамырда – Отан қорғаушы күні аталып өтіледі. Бұл – елін, жерін, мемлекеттігін қорғайтын азаматтарға деген зор құрметтің белгісі. Отанды қорғау – әрбір адамның ар-намысы мен парызы екенін еске салатын ерекше күн. Осы мерекені атап өту арқылы Қазақстан халқы өз елінің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігі үшін күрескен батырлар рухына тәу етіп, қазіргі уақытта Отан қорғау қызметін атқарып жүрген әскери қызметшілерге құрмет білдіреді.



### РЕКОРДТАР КІТАБЫНА ЕНДІ

«Астана Арена» стадионында 2736 шаршы метр болатын Бауыржан Момышұлының алып портреті жасалды және «Әлемдегі ең үлкен портрет» ретінде Дүниежүзілік рекордтар кітабына енді.

Бұл іс-шара Жеңістің 80 жылдығына және Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай ұйымдастырылды. Оған Астананың шығармашылық ұжымдары, педагогтар мен оқушылар қатысып, биіктігі – 70 метр, ені 32 метр болатын портретті фотомозайка форматында құрастырып шықты. Әрбір пиксельдің өлшемі 1 шаршы метрді құрады.



Астанада 2025 жылдың 7 мамыры күні сағат 11:00-де Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орайластырылған ауқымды әскери шеру өтеді.

Шеруге Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, соғыс іс-қимылдарының ардагерлері, ҚР Қарулы күштері үздік бөлімшелерінің, құрметті қарауыл ротасының, ҚР Қарулы күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, әскери құқық қорғау органдарының және т.б. ардагерлері шақырылды.

Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін қаладағы үш орыннан: ЕХРО аумағы (Түркістан және Ақмешіт көшелері жағынан кіру); қалалық алаң (Астана қаласы әкімдігі ғимаратының алдында) және Б.Момышұлы даңғылы, 1 мекенжайындағы «Astana Music Hall» тұрақ аумағында (Құмыра) тікелей трансляция ұйымдастырылады.

Шеру аяқталғаннан кейін сағат 12:00-ден 15:00-ге дейін осы үш алаңда эстрада жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен мерекелік концерт өтеді. Сонымен қатар іс-шара республикалық телеарналардан тікелей эфир арқылы көрсетіледі.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 582.07 \$ USD/KZT 512.34 ₰ RUB/KZT 6.31 ¥ CNY/KZT 70.53

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



«Қазақ – болмысынан жау-жүрек халық. Батыр бабаларымыз кең-байтақ жерімізді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғады. «Ер – елдің айнасы» дейді. Шын мәнінде, халқымыздың ерлік дәстүрі атадан балаға жалғасып келеді. Қазақ сарбазы қай кезде де елін қорғай білген. Жерінің шетіне жау тисе, жұдырықтай жұмылып бір тудың астынан табылған. Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толып отыр. Адамзат тарихындағы осындай сұрапыл соғыс барша елдер үшін үлкен сынақ болғаны сөзсіз. Майданға бір миллион екі жүз мыңнан астам азаматымыз аттанды. Олардың жартысы ұрыс даласынан оралған жоқ. Тыл еңбеккерлері күн-түн демей тер төкті. Осылайша, халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Жеңіс мерекесі ерен ерлікті паш етеді. Сондай-ақ бейбіт өмірдің, бірлік пен ынтымақтың маңызын ұғындырады. Жеңіс күні арқылы ұрпаққа берілетін

## ЕР – ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫ

Ел Президенті мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысты. Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиында сардарлар мен сарбаздарды алдағы Отан қорғаушы күнімен құттықтады. Сонымен қатар патриотизм мен жауынгерлік рухтың символына айналған мереке күндері елге қорған болып жүрген азаматтарға құрмет көрсету, Отан үшін от кешкен аға буынның рухына тағзым ету, олардың жанқиярлығы мен өшпес ерлігін ұрпақтың жадында жаңғырту дәстүрге айналғанын атап өтті.

ең басты тағылым – осы» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның күштік құрылымдарын баһадүр бабалардың лайықты ізбасары деп атады. «Қарулы Күштер еліміздің тәуелсіздігін, тыныштығы мен тұтастығын қас қақпай күзетіп тұр. Құқық қорғау органдары заң мен тәртіпті, арнаулы қызметтер

ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп келеді. Құтқарушылар ел-жұрттың амандығы үшін аянбай еңбек етіп жүр. Былтыр біз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясын алғаш рет дербес орындауға кірістік. Бұл қадам халықаралық қауымдас-тықтың Қазақстан армиясына сенімі жоғары екенін көрсетеді. Біз – бейбіт мемлекетпіз.

Барлық елмен достық қатынас орнаттық. Даулы мәселенің бәрін саяси диалог арқылы шешу керек деп санаймыз. Мен бұл Қазақстанның мызғымас ұстанымы екенін үнемі айтып жүрмін. Дегенмен қамсыз отыруға болмайды. Армиямыз кез келген сәтте өз міндетін орындауға сақадай сай тұруға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, мемлекет Қарулы Күштердің әлеуетін нығайтуға айрықша мән беріп отыр. «Әскеріміз ең озық қарумен және техникамен жарақтандырылып жатыр. Қорғаныс өнеркәсібі кешені дамып келеді. Жаңа гарни-зондар, әскери қалашықтар мен заставалар салынуда. Сарбаздардың әзірлігі мен жауынгерлік машығы әрдайым шыңдалады. Әскеріміздің арнау-лы халықаралық жарыстардан жүлдемен оралуы – олардың дайындығы жоғары екеніне дәлел. Әскерилер, арнаулы және құқық қорғау, азаматтық қорғаныс органдарының қыз-меткерлері әлеуметтік тұрғы-дан жан-жақты қамтылған. Оларды мемлекет әрқашан қолдайды. Ел қауіпсіздігі мен

шекарасын қас қақпай күзе-ту, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету – жауапты әрі қастерлі міндет. Мұны тек кәсіби деңгейі жоғары, ант пен борышқа адал, ел үшін ая-нып қалмайтын батыл жандар ғана атқара алады. Сондықтан әскерилер, құтқарушылар мен күштік құрылым қызметкерлері өскелең ұрпақ пен барша халқы-мыз үшін Отанға адал қызмет етудің үлгісі болуға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын соңында Мемле-кет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге, құтқарушылар мен күштік құрылым қызметкерлеріне жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер, сондай-ақ жоғары мемлекеттік наградалар табыс етті.

## ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТІМІЗ НЫҒАЙДЫ МА?

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында химия және мұнай химиясы салаларын дамыту мәселесі қаралды. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов, сондай-ақ «Қазмұнайгаз» компаниясының басқарма төрағасы Асхат Хасенов мұнай-газ химиясы саласында жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы баяндама жасады.



Премьер-министр салалардың даму көрсеткіштеріне назар аударды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша химия өнеркәсібінде өндіріс көлемі 7,7%-ға ұлғайса, мұнай-газ химиясында өсім 50%-дан жоғары болды. Химия өнімдерінің экспорты \$2 млрд-тан асты, бұл 2023 жылғы деңгейден 13%-ға артық. Биылғы I тоқсанда да оң динамика сақталып отыр. Химия саласы 12,5%-ға өсті.

Олжас Бектенов химия және мұнай химиясы салаларының дамуы еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін нығайтуға тікелей әсер ететінін атап өтті. «Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін химия, мұнай химиясы салаларын дамытудың стратегиялық маңызын атап көрсетті. Химия өнеркәсібі ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі,

металлургия және құрылыс сияқты басқа да салалардың дамуын қамтамасыз етеді» деп атап өтті Премьер-министр.

Бүгінгі таңда елімізде химия және мұнай-газ химиясы секторында 12 ірі кәсіпорын жұмыс істейді. Өндірістер минералды тыңайтқыштар, бейорганикалық және органикалық химиялық заттармен қатар ауқымды өнім спектрін шығарады. Мысалы,

Атырау облысында жұмыс істеп тұрған полипропилен зауыты – Орталық Азия өңіріндегі осы бағыттағы ең ірі кәсіпорын және Қазақстан өңдеу өнеркәсібінің ең ауқымды жобасы. 2024 жылы жобаның II кезеңінің құрылысы басталды. Негізгі міндет – им-порттық өнімдерді толық алмас-тырып, қосылған құны жоғары экспорттың өсуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар Жамбыл облысында натрий цианиді мен аммоний сульфаты өндірісін кеңейту көзделіп отыр. Бұдан бөлек, бутадиен, карбамид, полиэтилентерефталат өндірісі бойынша перспективалы жобалар іске асырылуда.

Премьер-министр өңдеу тереңдігін арттыру және жоғары технологиялық өнім түрлерін кеңейту қажеттігін атап өтті. «Аталған жобалардың барлығы қосылған құн тізбегін құруға үлкен үлес қосады. Дегенмен, шикізатты терең өңдеу бағытында саланың әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Күрделі өнім шығару көлемі әлі де төмен. Шикізат ресурстары мен мұнай бағасы құбылып тұрған қазіргі жағдайда өңдеу көлемін ұлғайтып, дайын өніммен сыртқы нарықтарға шығу керек. Бұл экономиканың қуатын арттырып, сапалы жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді» деді Олжас Бектенов.

Сенаттың YouTube-арнасында Tal dau Talks подкастының жаңа шығарылымы жарияланды. Бұл жолы қатысушылар сыртқы сауда және қазақстандық экспортты ілгерілету мәселелерін талқылады. Сондай-ақ жанандық тарифтік трендтер, отандық экспорттаушыларды қолдау, логистикалық тізбектер мен көлік инфрақұрылымын дамыту тетіктеріне де баса мән берілді.

## ЭКСПОРТҚА БАҒДАРЛАНҒАН ЕЛ БОЛАМЫЗ БА?

Подкасты дәстүрлі түрде Парламент Сена-тының төрағасы Мәулен Әшімбаев жүргізіп отырды. Талқылауға Сауда және ин-теграция министрі Арман Шаққалиев, «Шин-Лайн» компаниялар тобының президенті Андрей Шин және KPMG Кавказ және Орталық Азия серіктесі Болат Мыңбаев қатысты.

Талқылау барысында қатысушылар АҚШ-тың протекционистік саясаты мен жаһандық логистика-лық тізбектегі өзгерістер-ден бастап қазақстандық өндірушілердің сыртқы нарықтардағы позицияла-рын нығайтуды көздейтін нақты қадамдарға дейінгі тақырыптарға жан-жақты тоқталды.

Сенат төрағасы атап өткендей, Қазақстан экс-портқа бағдарланған ел болуы керек. Ал отандық компаниялар жаһандық ойыншыларға айналуы қажет. «Компанияларымыз дамып, экономикалық, ин-новациялық, технологиялық тұрғыдан көшбасшылардың бірі болуымыз үшін біз жаңа нарықтарды игеруіміз керек. Қазіргі мүмкіндіктерді әр-дайым назарда ұстау қажет. Сондай-ақ мемлекеттің отандық компанияларға сол мүмкіндіктерді пайдалануға қолдау көрсетуі аса маңыз-ды. Мемлекеттік қолдау түсінікті, тиімді болуға және отандық өндірушілердің шетелдік нарықтағы орнын нығайтуға ықпал етуге тиіс» деді Мәулен Әшімбаев.

# МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТТЫ

Астанада Жеңіс күнін мерекелеу қарсаңында Ұлы Отан соғысының ардагері Нәжікен Қапышевтің мемориалдық тақтасы орнатылды.

Іс-шара майдангердің тұрған үйі маңында өтті. Оған Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді, ардагерлер кеңесінің өкілдері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері және ардагердің туыстары қатысты.

– Әкеміз – Кеңес Одағының Қызыл Туы орденінің, Отан соғысы І және ІІ дәрежелі ордендерінің, екі рет Қызыл Жұлдыз орденінің, «Ерлігі үшін» медалінің иегері. Бұл марапаттар оның жасаған ерлігін көрсетеді. Біз оған мақтанамыз, – дейді ардагердің қызы Бахыт Қапышева.

Рәсімнің ресми бөлігі аяқталған соң гүл қою салтанаты өтті. Еске салайық, Нәжікен Қапышев – Ақмола облысының Ерейментау ауданында дүниеге келген. Соғыс басталмас бұрын педагогикалық училищені бітіріп, Целиноград ауданы Төңкеріс ауылында мұғалім болып жұмыс істеген.



1942 жылы 114-атқыштар бригадасы құрамында соғысқа аттанып, Смоленск, Витебск, Калининград облыстарын, Литва мен Шығыс Пруссияны азат етуге қатысқан. Нәжікен

Қапышев соғысты қатардағы жауынгер болып бастап, капитан дәрежесіне жетіп, атқыштар ротасының командирі болды. Ерлігі үшін ардагер орден-медальдермен марапатталған.

# ТАҒДЫРЫ ТАРИХҚА АЙНАЛҒАН...



Райхан РАХМЕТОВА

Бейбітшілік пен бостандық үшін жанын қиған бабалардың ерлігі мен батырлығына тағзым ету мақсатында өткен көрменің ашылу салтанатына мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қарулы Күштер ардагерлері,

Елордадағы Президенттік орталықта Отан қорғаушылар күніне, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ерлік дастаны» атты тарихи-деректі көрме ашылды. Елорда әкімдігінің қолдауымен Астана қаласы мемлекеттік архивімен бірлесе өткізілген көрме аясында Даңқ орденінің толық иегері, Целиноград қаласының Құрметті азаматы Әлмұқан Сембиновтің өмірі мен ерлігі жайлы сыр шертетін «Әлмұқан Сембинов. Тағдыры тарихқа айналған...» атты кітаптың тұсаукесері өтті.

Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар мен дипломатиялық миссиялардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, студенттер, белсенді жастар қатысты. Көрме Қазақстан тарихының соғыс жылдарындағы маңызды беттерін ашып, халықтың фашизмге қарсы күрестегі адалдығын дәріптейді. Көрмеде шамамен 100-ге жуық экспонат ұсынылған, ол 2 бөлімнен тұрады. Жиында Президенттік орталық дайындаған «Қайтарылған есімдер» атты кітап-альбомның да тұсаукесері өтті. Қоғам қайраткерлері Ә.Сембинов туралы кітаптың мән-мағынасына кеңінен тоқталды.

– Астана қаласы архивімен бірлесіп, осы қаламыздан соғысқа аттанған 6 мыңнан астам жауынгерлердің дерегі бойынша электронды

базасын дайындадық. Соның ішінде небары 17 жасында соғысқа сұранып, қан майданда оқ пен оттың ортасында асқан ерлік көрсеткен, елге аман-есен оралып, қаруын қаламына айырбастап, еліне өле өлгенше адал қызмет еткен және бар болғаны 48 жас өмір сүрген Әлмұхан Сембинов жайлы кітап жарық көрді, – деді Астана қаласы Тілдерді дамыту және Архив істері басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп.

Бұл соғысқа Қазақстаннан 1 млн 200 мыңдай сарбаз аттанған болса, соның жартысы оралмаған. Елімізде 500-ден астам жауынгер Кеңес Одағының батыры атанған болса, 7 жауынгер Даңқ орденінің 3 дәрежесімен де марапатталған. Солардың қатарында Даңқ орденінің толық кавалері атанған, барлаушы Ә.Сембинов бар.

«Ерлік дастаны» көрмесі 2025 жылдың 5 маусымына дейін жалғасады.

# ҚАМҚОРЛЫҚ ШАРАСЫ БАСТАЛДЫ

Елордада 3 мамыр күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай жыл сайынғы «Қамқорлық мекенжайы» акциясы басталды.



Іс-шара «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен ұйымдастырылды.

Акция аясында еріктілер тыл ардагерлері мен соғыс балаларына Жеңіске қосқан үлестеріне алғыс білдіру үшін барды. Акцияның алғашқы күні еріктілер 12 ардагердің үйіне барып, оларға ҰОС-тағы Жеңістің 80 жылдығына орай медаль, сондай-ақ символдық сыйлық ретінде шай себеттерін табыс етті.

«Астана жастары» ЖРО Жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы Арайлым Сапарәлі акция тыл еңбеккерлерінің ерлігі туралы естеліктерді сақтауға және құндылықтарды жас ұрпаққа насихаттауға бағытталғанын атап өтті.

«Сұрапыл соғыс пен тар заман уақытында майданның игілігі үшін өлшеусіз еңбек еткен бұл адамдар ерекше көңіл мен құрметке лайық. Біз оларға алғыс айтып, құрмет көрсетуге келдік» деді А.Сапарәлі.

Іс-шара 6 мамырға дейін жалғасады және елордада Жеңіс күнін мерекелеуге арналған дайындықтың бір бөлігі болады.

## Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!



Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен – ерлік пен батырлықтың, елге адал қызмет етудің мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

1992 жылдың 7 мамырында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылған болатын. Бұл күн – ұлттық қауіпсіздігіміздің, тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігіміздің нышаны болып табылады. Содан бері бұл дата еліміздің тыныштығы мен егемендігін қорғап жүрген барша әскери қызметшілерге деген терең алғыс пен құрметтің символына айналды.

Отан қорғау – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік. Әрбір сарбаз – ерік-жігердің, тәртіптің, халқына адалдықтың үлгісі. Олар күн сайынғы қызметімен бейбіт өмірімізді қамтамасыз етіп, еліміздің болашағына сеніммен қарауға мүмкіндік беріп отыр.

Осы айтулы күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елдік пен бірлік тілеймін! Үйлеріңізде әрдайым шаттық пен береке орнасын! Еліміз қуатты, тәуелсіз әрі тұтас бола берсін!

Құрметпен,  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы  
Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН

## Құрметті Отан қорғаушылар!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – ел тыныштығын қорғап, халқымыздың бейбіт өмірін қамтамасыз еткен барлық азаматтарға деген зор құрметтің белгісі.

Сіздердің батырлықтарыңыз бен еңбектеріңіз – бүгінгі ұрпақ үшін үлгі, асыл мұра!

Ардақты ардагерлерімізге және бүгінгі Отан қорғаушыларға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен береке тілеймін! Еліміз тыныш, көк байрағымыз әрдайым асқақтап желбірей берсін!

Ізгі ниетпен,  
Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы  
Сансызбай ЕСІЛӨВ

## Құрметті қала тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді 7 Мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Еліміздің бейбіт өмірі мен тыныштығын қамтамасыз етуде Қазақстан Қарулы Күштерінің атқарып жатқан қызметі орасан зор. Армиямыздың абыройын асқақтатып жүрген сардарлар мен сарбаздарға қандай құрмет көрсетсек те, артық емес. Заман өзгеріп, ұрпақ алмасса да, Отанға деген сүйіспеншілік, ерлік пен жауынгерлік рух – халқымыздың бойындағы мәңгілік құндылықтар болып қала бермек.

Сіздерді осы мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға амандық, береке мен шаттық тілеймін!

Ізгі тілекпен,  
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы  
Зулфухар ҒАЙЫПОВ



# КӨҢІЛДІ ӨТКЕН СЕНБІЛІК

Елордадағы «Тұрсын Астана-2» тұрғын үй кешенінің ауласында Аманат партиясы қалалық филиалының, Сарайшық ауданы әкімдігінің және Тұрғын үй меншік иелері бірлестігінің ұйытқы болуымен «Тұрғындар аманаты» жобасы аясында сенбілік өтті.

Айтулы шара Аманат партиясы Алматы аудандық филиалының төрағасы Азамат Айтхожиннің құттықтау сөзімен басталды.

«Тазалық әркімнің өз үйінен басталады. Сондықтан бүгін «Тұрғындар аманаты» бағдарламасы аясында осы тұрғын үйдің ауласын тазартып, көгалдандыруға жиналып отырмыз. Әркім өз ауласын тазартып отырса, айтулы нәтижеге қол жеткіземіз деп ойлаймын» деп партия өкілі жиылған қауымға шараның маңызын түсіндіріп өтті.

Сенбіліктің ресми бөлімі аяқталған

соң тұрғындар аулаға бірнеше түп ағаш отырғызып, аумақты абаттандыру жұмысына атсалысты. Сондай-ақ шара аясында тұрғын үй кешенінде тұратын балақайлар арасында арқан тарту, тір көтеру және асық ату сынды ұлттық ойындардан жарыстар өтті. Ал сенбілікке жиналған қонақтар аулаға тігілген киіз үйден дәм татып, тұсау кесу рәсіміне куә болды.

Айтар кетерлігі, «Тұрғындар аманаты» пилоттық жобасы партияның Астана қалалық филиалының бастамасымен осы жылдың ақпан айында басталған.

**Шапағат  
ӘБДІР**

**Х**алқымыздың ерлігі мен бірлігін, жауынгерлердің батырлығы мен тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық еңбегін дәріптейтін бұл әскери парадқа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам, сондай-ақ дипломатиялық корпус өкілдері қатысады. Астанадағы бас алаңға 5 мыңнан аса көрермен жиналады деп күтілуде.

**КІМДЕР ҚАТЫСАДЫ?**

Әскери парад мазмұндық тұрғыдан тарихи және заманауи бағытты қамтиды: бір жағынан Жеңістің 80 жылдығында аға буын батырлардың ерлігіне тағзым етілсе, екінші жағынан Тәуелсіз Қазақстан армиясының бүгінгі қуаты мен әлеуеті көрсетіледі. Шеруге Қазақстан Қарулы Күштерінің барлық түрлерінен 4 мыңнан аса әскери қызметкер қатысып, 200-ден аса әскери техника мен қару-жарак, 66 әскери ұшақ пен тікұшақ көрермен назарына ұсынылады. Олардың ішінде алғаш рет көрсетілетін зениттік-зымыран кешендері мен роботтандырылған әскери техника да бар.

Шеру күні ең әуелі алаңға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің тобы Мемлекеттік Тумен бірге алаңға осыдан 80 жыл бұрын Рақымжан Қошқарбаев пен оның майдандасы Григорий Булатов Рейхстагқа тіккен тудың көшірмесін алып шығады. Тудың бетінде «2-дәрежелі Кутузов орденінің иегері 150-атқыштар дивизиясы» деген жазу болады. Бұл – майдан шебінде жан аямай шайқасқан барлық қазақстандық жауынгерлерге деген мәңгілік құрметтің символы болмақ.

**САП ТҮЗЕГЕН  
САРБАЗДАР**

Парад Қорғаныс министрінің көлігімен бірге парад қолбасшысымен сап түзеген әскерлерді қарсы алуынан басталады. ҚР Қорғаныс министрі әскери бөлімдермен амандасып, Жоғарғы Бас Қолбасшыға парадқа дайындық туралы баяндау үшін трибунаға шығады. Мемлекеттік әнұран шырқалған соң шеру ресми түрде басталады.

Парадты Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Әскери колледждің барабаншы кадеттері ашады. Бірінші болып парадқа «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы, II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері генерал-майор Ержан Ибраев «Шпагин» және «Максим» пулеметтерімен қаруланған солдаттар легін бастап шығады. Олардың

фото: Қорғаныс министрлігі



# ЖЕҢІС ТУЫ ЖЕЛЫРЕЙДІ

Отан қорғаушы күні мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа дайындық ерекше жүруде. 3-4 сәуір күндері Астанадағы «Қазақ елі» монументі алаңында парадқа қатысатын барлық сарбаздар мен әскери техникалар сап түзеп, дайындықтан өтті. Салтанатты шеру 7 мамырда өтеді және ол Астана мен барлық облыс орталықтарында орнатылған LED-экрандарда және республикалық телеарналардан тікелей эфирде көрсетіледі.

Бұдан кейін, халық арасында ерекше танымал болған «Катюша» немесе БМ-13 реактивті зеңбірегі өтеді, ол соғыс жылдарының рухын халыққа ерекше сезіндірмек. Осы тарихи техникалардан кейін парадты Қазақстан Қарулы Күштерінің заманауи әскери техникасы жалғастырады. Алдыңғы қатарда Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы және Әскери-теңіз күштерінің тулары желбіреген төрт «Арлан» брондалған машинасы сап түзеп өтеді. Олардың артынан «Қазақстан Инжиниринг» кәсіпорнында жаңғыртылған Т-72 танкілері өтсе, бұдан кейін 122 мм Д-30 гаубицалары көрсетіледі. Артынан 152 мм «Мста-Б» гауби-

дейін нысанаға жете алатын 300 мм 9К58 «Смерч» жүйесі таныстырылады. Парадты «Штурм-С» танкіге қарсы зымыран кешені мен әуе шабуылына қарсы бағытталған «Стрела-10» зениттік-зымыран кешенінің батареясы түйіндейді.

**ҚОРҒАНЫС  
ҚҰЛЫПТАРЫ**

Әскери парадтың келесі бөлігі – әуе шабуылына қарсы қорғаныс және заманауи жауынгерлік техникалардың көрмесімен жалғасады. Ең алдымен, алаңға елордалық әуе шабуылына қарсы қорғаныс бригадасының С-300ПС көп арналы зенитті-зымыран кешені шығады. Оның ізін ала, қарқынды радиоэлектрондық қарсы әрекет жағдайында әскер мен стратегиялық нысандарды қорғауға арналған орта қашықтықтағы «Бук-М2Э» кешені өтсе, артынша заманауи әуе шабуылына қарсы жүйе – «Тор-М2К» зениттік-зымыран кешені көрсетіледі.

Содан кейін жерүсті техника легі жалғасып, алдымен «Айбар» брондалған дөңгелекті машиналары, артынша Құрлық әскерлері мен арнайы бөлімшелерге арналған жол талғамайтын көліктер мен 12,7 мм пулеметпен жабдықталған жеңіл әскери көліктер алаңнан өтеді. Олардың артынан барлау жүйелерімен жабдықталған көліктер шығады, мұнда күндіз-түні әрекет ете алатын, қолайсыз ауа райына төзімді «Скайларк» ұшқышсыз ұшу аппараттары орнатылған.

Әскери теңіз қауіпсіздігін көрсететін бөлімде Каспий теңізінің су айдынында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін БЛ-790 және РИБ-7 катерлері, сондай-ақ жоғары жылдамдықтағы «Багги» көліктері, квадроциклдер, қиын жағдайда тапсырма орындауға қабілетті «Арлан» жауынгерлік машинасы көрсетіледі. Сонымен бірге, «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» пен Сингапурдың «ST Engineering» компаниясы бірігіп шығарған «Terrex-Barys-A» 8x8 бронетранспортері және «Барыс» 8x8 заманауи жауынгерлік техникасы таныстырылады. Парадта алғаш рет отандық радиоэлектрондық «Жасылтас» басу кешені, роботтандырылған минадан тазарту машинасы, ауыр механикаландырылған көпірлер, жаңартылған понтон-көпір паркі, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс құралдары, сондай-ақ Түркия, Қытай және Қазақстан бірлесіп жасаған «Таймас 8x8» брондалған техникасы көрсетіледі. Шеруді «Шағала-М» ұшқышсыз авиациялық кешені, «Самғау» экипажсыз роботты катері және Ішкі істер министрлігінің Ұлттық ұланына тиесілі «Айбар», «Орал-ВВ», «Барыс 6x6», «Алан-2» жауынгерлік машиналары жалғастырып, отандық өндірістің жаңа «Алан-2» брондалған техникасы алғаш рет көпшілікке таныстырылады. Осыдан кейін шерудің әуедегі



**ЕСКІ ЖӘНЕ  
ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР**

Әскери парадта техника көрсету бөлімінде ең алдымен, Жеңістің символына айналған және соғыста кеңінен қолданылған Т-34 танкісі көрермендердің алдынан өтеді. Оның ізін ала, танкке қарсы қолданылған «ЗИС-2» зеңбірегі мен 122 мм «М-30» гаубицасы, сондай-ақ осы гаубицаны сүйреген «ЗИЛ-157» техникасы таныстырылады.

цасы келеді, ол КаМаЗ-63502 көлігімен сүйреліп, минутына 5-6 снаряд ату қабілетіне ие. Бұдан кейін парадты аса қуатты 240 мм 2С4 «Тюльпан» мина-атқышы жалғастырып, артынша 122 мм 9А51 «Прима» атты дүркіндетіп оқ ату реактивті жүйесі алаңға шығады. Келесі болып, ұтқырлығы жоғары әрі жойқын қуатқа ие «Ураган» реактивті жүйесі көрсетілсе, одан соң дәлдігімен ерекшеленетін және 90 шақырымға

қолдарында соғыс жылдары пайдаланған қарулар болады. Одан кейін үш қатар сапта трибуна алдынан қазақтың батыр қыздары Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, Әлия Молдағұлова ерліктерін еске салатын әскери саптың шеруі өтеді. Олардың артынан Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері, Әскери институт түлектері, Жауынгер-теңізшілер, Десанттық-шабуылдау әскерлері, Теңіз жаяу әскерлері, Әскери

полиция, Бітімгершілік рота, Әскердегі әйелдер тобы, Ауамақтық қорғаныс бригадалары, Ұлттық қорғаныс университеті, Құрлық әскерлері әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты, Шоқан Уәлиханов атындағы колледж, Шекара академиясы, Ұлттық ұлан, Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ, Төтенше жағдайлар министрлігі, Мемлекеттік күзет қызметі бөлімдері сап түзеп өтеді.





бөлімі басталады. Ұшақ тізгіндеген сарбаздар бұл жолғы парадтың жауапкершілігі мен міндеті ауыр екендігін айтады.

ӘУЕДЕГІ ТАҢҒАЖАЙЫП

53975 әскери бөлімінің Ми-17 тікұшағының ұшқыш-штурманы лейтенант Әли Сейдахметұлы: – Біздің шеруге дайындығымыз бір ай бұрын басталды. Күн сайын жоспарлы ұшу жаттығулары жүргізіліп, әр экипаж өзіне жүктелген тапсырманы мінсіз орындауға машықтанды. Бұл – жай ғана ұшу емес, бұл – елге, халыққа, Отанға деген құрметтің белгісі. Өзім үшін – бұл үлкен мәртебе әрі мақтаныш. Әскери ұшқыш ретінде парадқа қатысу – бұл халқымыздың қаһармандық рухына тағзым ету, Қазақстан Қарулы Күштерінің әуедегі қуатын көрсету деп білемін, – дейді ұшқыш.

Ал әскери парадтың әуедегі бөлігін Мемлекеттік Ту мен Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің туын желбіреткен Ми-171 тікұшақтары ашады. Ары қарай шеруді «Штурм 9-М» зымырандарымен және зеңбірекпен жабдықталған Ми-35М соққы беретін тікұшақтар тобы жалғастырады. Кейін аңызға айналған Ми-8 және екі Ми-171 тікұшағы, сондай-ақ Төтенше жағдайлар министрлігінің алты Ми-8 тікұшағы әуеде қалықтайды. Одан соң әуеге Си-295 әскери-көлік ұшағы, Л-410 жеңіл ұшақтары, екі Су-30СМ жойғыш ұшағының сүйемелімен Ту-154, артынан екі Си-295-пен бірге А-400 көліктік ұшағы көтеріледі. Әрі қарай «Ромб» ұшу төртбімен Су-30СМ көп функционалды жойғыш ұшақтары көрсетіледі. Парадтың әуе бөлігін алты Су-25 штурмовигі түйіндеп, олар аспанға Қазақстан Туының бейнесін салып шығады. Осылайша салтанатты шеруді ҚР Қарулы Күштері, Мемлекеттік күзет қызметі және Ұлттық ұланның әскери оркестрлері бірігіп орындайтын «Егемен Қазақстан» әнімен қорытындылайды.

Бүгінгі таңда ел аумағында 106 соғыс ардагері бар. Олардың арасынан дәл осы әскери парадқа алты бірдей соғыс ардагері арнайы келіп, қатыспақ. Ал соғысқа қатысып келіп, осы парадты көруге үлгермей кеткен ерлеріміз қаншама? Солардың бірі Айниет Әсербаев ақсақал еді. Жарықтық, тірі болса биыл 100-ге келер еді деп есіне алған соғыс қаһарманының немересі Баяндыбол Айниетов бүгін де әскери әуе күштерінде қызмет атқарып жүр. Ол бұл жолғы парадтың өзі үшін өзгеше екенін айтып, өзінің соғыс ардагері болған атасымен мақтанатынын жеткізді.

– Осы жолғы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парад мен үшін ерекше болмақ. Себебі мен парадқа әскери бөлімнің қызметкері ретінде ғана емес, майдангердің ұрпағы ретінде қатысып, атамды еске алмақпын. Атам 1925 жылы дүниеге келіп, 2000 жылы 75 жасында дүниеден озды. Көзі тірісінде балаларына «Адал болсаң, абыройлысың» деп өсиет қалдырды. Сол аманат бүгінгі менің мойныма жүктелгендей сезім кешемін. Сондықтан да мен атамның асыл рухын жалғастырып, Отан сүюуде, еліме адал қызмет етуде қашанда алда жүрсем деп ойлаймын. Елімізде ешқашан соғыс болмасын деп тілеймін. Егер атам тірі болса, жүзге келіп осы тойды өз көзімен көрер еді. Бірақ оған жазбапты. Енді мен көріп отырмын. Мен үшін атамның да атаммен бірге соғысқа барып оралған, оралмаған оғландардың да орны ерекше. Оларға қашанда тағзым етемін, – деп еске алды майдангердің немересі Баяндыбол Айниетов.

# «QAISAR» ОЙЫНДАРЫ – ЕРЛІК МЕКТЕБІ

Отан қорғаушы күні мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Amanat партиясының «Жастар рухы» жастар қанаты «Qaisar» әскери-патриоттық ойындарын ұйымдастырды. Бұл туралы партияның баспасөз қызметі ақпарат таратты. Қарағанды облысындағы Спасск оқу-жаттығу орталығында өткен іс-шарада 300-ден астам адам бас қосты. Олардың арасында «Жас сарбаз» ұйымының тәрбиеленушілері, «Әлияшылар» қозғалысына қатысушы қыздар, бастауыш әскери дайындық пәнінің мұғалімдері мен әскери кафедралардың өкілдері, сондай-ақ еліміздің барлық өңірінен келген 100 жоғары сынып оқушысы бар.

Әскери-патриоттық ойындардың ашылу салтанатына Мәжіліс Спикері, Amanat партиясының төрағасы Ерлан Қошанов, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Парламент депутаттары, Қорғаныс министрлігі мен «Астана» өңірлік қолбасшылығының басшылығы, Қарулы күштер ардагерлері, қоғам өкілдері және өзге де азаматтар қатысты.

Өз сөзінде Ерлан Қошанов 2022 жылы Amanat партиясының кезектен тыс XXII съезінде «Жастар рухы» жастар қанаты «Qaisar» әскери-патриоттық ойындарын тұрақты түрде өткізу жөнінде бастама көтергенін атап өтті. Бұл бастамаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қолдау білдірді. Осы жылдар аралығында «Qaisar» әскери-патриоттық ойындары тұрақты түрде өткізіліп, жай ғана әскери-спорттық іс-шара емес, нағыз ерліктің, патриотизмнің, жауапкершілік пен тәртіптің мектебіне айналды. Жалпы, осы уақыт ішінде жобаға 5 мыңға жуық ұл мен қыз қатысты.

«Президент айтқандай, біз ұрпағымызға дамыған әрі мықты мемлекет қалдыруымыз керек. Ол үшін жастарды дұрыс тәрбиелеу қажет. Бұл істе әскер ерекше рөл атқарады. Бүгінде Қазақстанның Қарулы Күштері тек әскери дайындықпен шектелмейді. Кез келген төтенше жағдай мен табиғи апат орын алса,



әскеріміз бірінші болып көмек қолын созады. Бұл – Отан алдындағы парыз бен халық алдындағы жауапкершіліктің шынайы көрінісі. Сіздердің бойларыңызда да осындай қайсар рух пен отаншылдықтың бар екеніне кәміл сенемін!» деді ол.

Сондай-ақ партия төрағасы осы ойындардың Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында өткізілуінің символдық мәні зор екенін жеткізді. Сұрапыл соғыс жылдары 1,7 миллионнан астам отандасымыз немесе республика халқының әрбір төртінші тұрғыны майданға аттанып, жартысына жуығы қайтып оралмады. Олардың жанқиярлық ерлігі мен қайсарлығы ұрпақ жадында және

ел тарихында мәңгі сақталады. Жеңістің 80 жылдық мерейтойына орай, елордада Қазақстан армиясының қуаты мен ұрпақтар сабақтастығын айқындайтын ауқымды парад өтеді.

Жалпы, «Qaisar» ойындары жас патриоттарды тәрбиелеу ісінің маңызды бөлігіне айналды. Мұнда ел жастары қару-жарақты дұрыс қолдана білуді үйреніп, күш-қуаты мен төзімін шыңдап қана қоймай, командалық рух қалыптастыруға және әркез ел мүддесін қорғауға дайын болуға дағдыланады. Осындай қасиеттер әр адамға керек. Тіпті, кез келген салада қажет. Олар адам мінезін шыңдап, алға қойған мақсатқа жетуге және жауапкершілікті сезінуге үйретеді.

Ерлан Қошанов мемлекет саясатына сәйкес, әскери қызметшілерді қолдау және әскери қызметтің беделін арттыру мәселесіне ерекше мән берілетінін атап өтті. Бүгінде Қазақстан армиясы жауынгерлік дайындықтың жоғары деңгейін көрсетіп, оның әлеуеті жылдан жылға артып келеді. Мемлекет тарапынан әскери қызметшілерге әлеуметтік қолдау көрсету шаралары үнемі күшейтілуде. Соның бірі – әскерде азаматтық борышты өтегеннен кейін тегін жоғары білім алу мүмкіндігі. Қазірдің өзінде 4500-ден астам жас азамат осы мүмкіндікті пайдаланып үлгерді. Ойындар екі күнге жалғасты. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген жастар оқ ату, әскери эстафета,

автоматты шашып-жинау, зияткерлік сайыстар мен тактикалық тапсырмалар арқылы білімін, күш-жігерін, төзімділігін және жеңіске деген талпынысын танытты. Биыл дәстүр мен заманауи технологияны ұштастыруға ерекше назар аударылды. Бағдарламаға алғаш рет ұлттық спорт түрлері мен цифрлық пәндер енгізілді. Әскери-патриоттық ойындар аясында оқу-жаттығу орталығының аумағында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған көрме ұйымдастырылды. Бұл қадам майдангерлердің ерен ерлігін жастар қауымының есіне салып, ұрпақ сабақтастығының тағы бір маңызды символына айналды.

## МАЙОР САРИЕВТІҢ МЕРЕЙІ

Астана қаласындағы 5573 әскери бөлімі кинология қызметінің бастығы майор Сариев Нұрсұлтан Серікұлы – елеулі қызмет атқарып келе жатқан кәсіби жауынгерлердің бірі.

Жалындаған жас түлек 2006 жылы ҚР Қарағанды қаласындағы Республикалық әскери мектеп-интернатына түседі. Аталған білім ордасында екі жыл оқып, білімін жетілдіреді. Өзінің алғырлығының арқасында болашақ әскери маман осылай алғашқы еңбек жолын бастайды.

– Майор мырза, әскери салаға қалай және қашан келдіңіз?

– Шешімді өз еркіммен қабылдап, 2008 жылы осы салаға бет бұрдым. Құжаттарымды реттеп Алматы қаласындағы Достық даңғылының бойында орналасқан ҚР ҰҚК Шекара академиясының курсант болып, жоғары әскери академиясына оқуға қабылдандым. Аталған академияны оқып жүріп, 4 жыл бойы застава старшинасы лауазымын атқарып, застава бастығының көмекшісі болдым.

– Оқумен қатар өзіңіздің спорттық және шығармашылық жолыңызды бірге қалыптастырған кездеріңіз туралы айтып өтсеңіз?

– Академия аттынан сол уақыттары Ұлы тұлға Әлихан Бөкейханов туралы ғылыми еңбек жазып, жас ғалымдар арасында ҚазҰУ қабырғасында өткен жарысқа қатысып, 3-орынды жеңіп алдым. Сондай-ақ спорттан да қалыс қалғаным жоқ. Академия арасында өткен жеңіл атлетикадан талай мәртелі жүлдеге ие болдым.

– Оқуды аяқтаған соң алғаш еңбек жолын қайда және қашан бастадыңыз?

– Академияны бітірген соң жанұя жағдайыма байланысты, үйдің жалғыз баласы болғандықтан, ата-анамды шекараға алып кете алмадым. Сөйтіп ҚР ІІМ ІІ баянатымды жазып, осы бағытта қызметке өз еркіммен ауыстым.



фото Бақытжан Батырханұлы

– Кинология саласына қалай тап болдыңыз?

– Мен өзім осы мамандықты таңдауыма себепкер болған ол жас кезімде жануарларды ерекше жақсы көрдім, ауыл баласы болғаннан соң үй шаруасымен ертеден айналыстым. Өзім Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы Алғабас ауылында дүниеге келгенмін. Ауылдық жердегі халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің көзі – ол мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы. Мал шаруашылығы – сонау ата-бабамыздан мұра болып қалған асыл іс. Жеріміздің әлемде 9-орын алуы да осы шаруашылығымыздың арқасында деп

ойлаймын. Бала кезімнен жан-жануарды ерекше жақсы көргендіктен өсе келе осы мамандықты таңдауға бел будым.

– Ал нақты кинология бағытына қашан келдіңіз? Жұмыс барысында қандай өзгерістер орын алды?

– Мен 2012 жылдың Тамыз айынан бастап Ұлттық ұланның Өскемен қаласындағы 5518 әскери бөлімінде кинология қызметінің бастығы лауазымын атқардым. Бірінші командирім әлі тәлімгерім, халық қаһарманы генерал Үмбетов болған еді. Сол кісінің батасын алып, Ұлттық ұлан сапында өз қызметімді бастадым. Аталған әскери бөлімде кинология қалашығын салуды

ұйымдастырып, қызметтік иттерге арналған 42 вольер салуға атсалыстым. Қызмет барысында кинолог мамандарының қызметін бірізділікке салып жүйелендіре отырып, біраз қылмыстың бетін ашуға себепкер болдым.

– Өз ісінің кәсіби маманы болып қалыптасу жолында, қызметіңізде тағы қандай өзгерістер орын алды?

– Мені 2013 жылы Алматы қаласы Еңбекшіқазақ ауданы Қаракемер ауылында орналасқан 6654 әскери бөліміне жұмыспен ауыстырды. Аталған бөлімде кинология орталығының оқу әдістемелік бөлімшесі бастығының, аға көмекшісі – оқытушы лауазымын атқардым. Қызмет атқару барысында жылына төрт кезең оқу барысында Ұлттық Ұланның әрбір бөлімдерінен келген жас кинологтарды оқыттым. Нақты санмен атап өтетін болсам, 6 жылдың ішінде ҚР Ұлттық ұланның 60% кинолог мамандарына білім бердім, тәрбиеледім. 2013 жылы осы қызметімді атқарумен қатар шаңырақ көтеріп, отбасын құрдым.

– Кинология саласында елеулі еңбек атқарып, саланың дамуына қосқан үлесіңіз зор. Еңбегіңіздің еленген бір кезеңін айта кетсеңіз?

– 2019 жылы қызметтік қажеттілікке сәйкес Көкшетау қаласындағы 5510 әскери бөліміне ауыстым. Ол бөлімде кинология қызметінің бастығы лауазымын атқардым. Осы әскери бөлімде қызмет атқару кезінде ІІМ үздігі төс белгісімен нағратталдым. Қызметімді адал әрі тиянақты атқарғанымның нәтижесінде мені Астана қаласында орналасқан 5573 әскери бөліміне кинология қызметінің бастығы етіп тағайындады. Қазіргі уақытта аталған бөлімде қызмет атқарудамын.

Нұрсұлтан ЖҰМАБАЙ



Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

ҚУАТТЫ МҰРАДАН  
ҚҰЛДЫРАУҒА ДЕЙІН

1992 жылдың 7 мамырын-да ҚР Тұңғыш Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы күштері ресми түрде құрылды. Алайда бұл әскери құрылым жоқ жерден пайда болған жоқ. Кеңес Одағы ыдыраған сәтте Қазақстан аумағында әскери әлеует өте жоғары болды. Яғни Орта Азия әскери округі (САВО) құрамында 250 мыңнан астам әскери қызметші бар еді. Бұған Ауған соғысынан қайтқан 40-армия қосылып, Қазақстанда қуатты әскери контингент шоғырланды. Жаңғызтөбе мен Дзержинскідегі ядролық арсеналдар елімізді ядролық державалардың қатарына қосып тұрған. Еліміздің аумағында құрлықаралық баллистикалық зымырандар орналасқан стратегиялық нысандар да болды. Алайда бұл қуатты жүйе 90-жылдардан бастап біртіндеп күйреді. Әскери құрамда жұмыс істеп тұрған офицерлердің көпшілігі Ресей, Өзбекстан, Беларусь сынды елдерге кетіп қалды. Толықсыз дерекке қарағанда, 1992-1995 жылдары 10 мыңға жуық офицер елден кеткен. Елімізде әскери салаға қажетті ұлттық кадрлар дайындалмағандықтан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында кәсіби әскерді құру өте күрделі мәселеге айналды. Соған қарамастан, Қорғаныс министрлігі тәжірибесі аз кадрлармен әскери жүйені сақтап қалуға тырысты. Атап айтқанда, білімі мен дайындығы төмен бұрынғы прапорщиктер мен мерзімді әскерилер үш айлық курс арқылы офицерге айналды. Бірақ бұл санды көбейткенмен, сапаны көтерген жоқ.

ЕСКІНІҢ САРҚЫНШАҒЫ

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы күштерде қолданыстағы әскери техниканың басым бөлігі кеңес заманынан қалғанын ашық айтып: «Әскердегі қару-жарақтың дәуірі – 30-50 жыл болған кеңес дәуіріндегі техника. Ескірген техникалар мерзімінің өткеніне байланысты қару-жарақ паркін жаңарту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Қарулы күштер заманауи әрі жоғары технологиялық қару-жарақпен, әскери техникамен жабдықталуы тиіс. Қару-жарақ пен әскери техниканы жөндейтін, оларға қызмет көрсететін отандық өндірісті дамыту қажет» деп нақты тапсырма берген болатын.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықовтың сөзінше, осыдан кейін Президенттің басшылығымен Қазақстан Қарулы күштерінің құрылымы нақтыланып, арнайы операциялар күштері құрылған. Сондай-ақ Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қарым-қабілетін арттыру мақсатында Құрлық әскерлерінен бөлініп, өз алдына дербес әскер болып шыққан. Барлау-жауынгерлік және әскери-көліктік әлеует артып, артиллерия және әуе шабуылына қарсы қорғаныс мүмкіндігі ұлғайған. Президент тапсырмасымен азаматтық қорғаныс бөлімшелері құрылған. Алайда қазіргі таңда отандық әскери өнеркәсіп әлі де импортқа тәуелді. Қазақстанда өндірілетін техника мен қару түрі санаулы ғана. Көптеген компонент Ресейден немесе өзге елдерден сатып алынады. Әскери сарапшы, полковник, тарих ғылымдарының кандидаты Манас Мағұловтың айтуынша, елімізде соңғы жылдары бірнеше оқ-дәрі қоймасы жарылып, әскери техника қоры үлкен шығынға ұшыраған. Арыстағы және Жамбыл облысындағы жарылыстар – мұның айқын дәлелі.

# ӘСКЕРІМІЗДІҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері – ел тәуелсіздігінің тірегі, ұлттық қауіпсіздіктің басты кепілі. Мемлекет шекарасын қорғайтын, тыныштығын күзететін әскердің мықтылығы – кез келген елдің тұтастығы мен тұрақтылығының айқын көрінісі. Дегенмен соңғы жылдары әлемдегі геосаяси ахуал ушығып, жаһанда жарыса қарулану күшейе түскен шақта «Қазақстан әскері барлық қауіп-қатерге толық төтеп бере ала ма?» деген сауал бүгіннің өткір әрі орынды сұрағына айналды. Сарапшылардың пікіріне жүгінсек, Қазақстан армиясы ТМД елдері арасында қуаты жағынан үшінші орында көрінеді. Бірақ бұл шындыққа сәйкесе ме, армиямыздың әлеуеті қандай деңгейде және оны заман талабына сай күшейту жолында қандай нақты қадамдар жасалуда деген сұрақтарға біз де жауап іздеп көрдік.



«Қарулы күштеріміздің қазіргі ахуалына аландамай тұра алмаймыз. Өйткені салада жүйесіздік күшейіп, әскердің сапасы да, саны да, дайындық деңгейі де күрт төмендеді. Қару-жарақтар толықтай ескіріп, олардың басым бөлігі сақтау нормаларының, қауіпсіздік талаптарының сақталмауы, арнайы регламенттер бойынша жұмыс жүргізілмеуі себебінен өздігінен жарыла бастады. Кейінгі жылдары бұл қауіп тағы да қайталаңды. Бұл жағдайлар қордағы қару-жарақтың азаюына алып келді. Бұл – әскери өнеркәсібі жоқ біздің елдің әскери қуатына үлкен соққы» дейді ол.

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕГІ  
ОРНЫ ҚАНДАЙ?

Әлем елдерінің әскери күштерінің әлеуетін бағалайтын Global FirePower-2025 халықаралық рейтингінің нәтижесі бойынша Қазақстан әскері 58-орыннан 57-орынға көтеріліп, Орталық Азиядағы көшбасшы орнын сақтап қалды. Аталған бағада Өзбекстан – 58, Түрікменстан – 77, Қырғызстан – 105, Тәжікстан 108-орында тұр. Сондай-ақ Қазақстан заманауи әскери техникалармен жарақтану жағынан аймақта алда келеді. Мәселен, Қазақстанның 2024 жылы Қорғаныс бюджетіне 1,1 трлн теңге бөлінген.

Қорғаныс министрінің айтуынша, Қарулы күштерді заманауи техникамен жарақтандыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

«Соңғы 6 жыл ішінде армияға 2 мыңнан астам жаңа үлгідегі әскери техника жеткізілді. Бұл ел Президентінің Қарулы күштерді жоғары технологиялық қару-жарақпен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасының нақты орындалып жатқанын көрсетеді» деді министр.

Оның сөзінше, қазіргі таңда әскери әлеуетті арттыру тек жаңа техника сатып алумен шектелмейді. Бар техниканы жаңғырту, шетелдік әріптестермен бірлескен

жобаларға қатысу, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту де басым бағыттар қатарында.

– Қазіргі заманғы әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелеріне де баса назар аударылып отыр. Бүгінде әскерілеріміз «Бук-М2Э», «Тор-М2К» зениттік зымыран кешендерімен, «Роса-РБ», «Платформа» жүйелерімен және отандық «Нұр» радиолокация станцияларымен жабдықталған. Бұл кешендер жауынгерлік кезекшілікті толық атқарып келеді, – деді Руслан Жақсылықов.

2024 жылы Құрлық әскерлері құрамына 45 дана «COBRA ІІ» және 53 бірлік «Арлан» сауытты дөңгелекті машиналары берілді. Бұл техника армияның ұтқырлығын арттырып, ұрыс жағдайындағы қауіпсіздігін күшейтеді. Министрдің айтуынша, әскери әуе күштері де назардан тыс қалған жоқ. Былтыр желтоқсанда армия А-400М үлгісіндегі жаңа әскери-көліктік ұшақпен толықты. Ол 37 тоннаға дейін жүк тасымалдауға қауқарлы. Жылдамдығы – 802 км/сағ, ұшу биіктігі – 12200 метр, ұшу қашықтығы – 7870 шақырым.

«2024 жылы Республика күні қарсаңында «Шапшаң» көліктік-десанттық қайығы суға түсірілді. 31 тонна су ығыстыратын, 20 теңіз жаяу әскерін тасымалдауға қабілетті жаңа қайық диверсияға қарсы және медициналық эвакуация секілді тапсырмаларды орындауға арналған. Жинақтап айтқанда, біз армиямыздың заманауи қауіп-қатерге төтеп бере алуы үшін барлық қажетті шараны жүзеге асырып келеміз» деді министр.

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСКЕН

Қорғаныс министрі бізге берген жауабында «әскеріміздің саны көбейіп, жыл сайын армияға баратындардың қатары көбейіп келеді» дегенмен, әскери борышты өтеу міндеті заңмен бекітілген Қазақстанда армияға

деген сенім деңгейі төмен. Бұдан бастысы әскердегі әлімжеттік пен әскери борышын өтеуге барған жастардың белгісіз жағдайда қаза табуы, шен-шекпенділердің баласының армияға бармауы себеп болып отыр. Әскерилер арасындағы жемқорлық, қызмет лауазымын таныс арқылы бөлісу де саланың сапасына кері әсерін тигізуде. Сосын да Президент Тоқаевтың өзі бұл жағдайды ескеріп, «әскери борышты өтеу міндетінің беделін көтеріп, абыройын арттыру қажет» деген болатын. Бұл тек тәрбие мен насихат мәселесі ғана емес, жүйелі реформа қажет ететін әлеуметтік әрі идеологиялық бағыт екені айтпаса да түсінікті.

– 33 жыл болды, біздің әскерде көп нәрсе әлі де кеңес өкіметінен қалған ескі нормативпен жұмыс істейді. Өзгерген түті жоқ. Шын мәнінде, әскери құрылымға үлкен өзгеріс керек. Өйтпесе жағдай сол күйі қала береді. Халықтың әскерге деген сенімі жоғалып барады. Себебі қарапайым ауыл балалары әскерге барады да, аудан әкімі дәрежесінен жоғары мансабы барлардың біреуінің баласы әскерге бармайды, бұл әділетсіздік қой! Екіншіден, әскердегі азаматтарға берілген кепілдік жоқ. Ертең еліңді, жеріңді қорғау жолында мерт болсан, артыңдағы бала-шағаңа мемлекет жасадады деген нақты кепілдік жоқ. Бұл, айналып келгенде, біздің әскери салада да ұлттық идеология жоғынан салдары, – дейді полковник Манас Мағұлов.

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, мерзімді әскери қызметтің тартымдылығын арттыру мақсатында соңғы жылдары бірқатар нақты шара қабылданған. 2024 жылдан бастап Президенттің тапсырмасы аясында мерзімді қызметтегі сарбаздарға білім беру жеңілдіктері мен кредиттік демалыстар заңнамалық түрде бекітілді. «Мерзімді әскерилер 2.0» жобасы арқылы әскери борышын өтеген жастар ҰБТ тапсырмай-ақ 80-нен астам жоғары оқу орнында тегін білім

алуға мүмкіндік алып отыр. Бұдан бөлек, әскери қызметшілердің жалақысы мен әлеуметтік төлемі де айтарлықтай көбейіп, қызмет барысында далалық жағдайдағы төлемдер және зейнетақы жүйесі бойынша қосымша жеңілдіктер қарастырылуда. Қабылданған шаралар армия беделін көтеріп, азаматтардың әскери қызметке қызығушылығын арттыруға бағытталған.

СЫРТҚЫ ҚАУШТЕРГЕ  
ТӨТЕП БЕРЕ АЛА МА?

Қазақстан әскері сыртқы жауға толық тойтарыс бере ала ма? Бұл – ел азаматтары алаңдататын ең басты сұрақ. Сарапшы Манас Мағұловтың пікірінше, қазіргі қару-жарақ қоры мен әскери дайындық деңгейі елімізді тек шартты түрде ғана қорғай алады. Оның айтуынша, соңғы 30 жылда Қазақстан әскері ешқандай соғыс жағдайында шындалған жоқ. Төтенше жағдайда армияның шұғыл қимылдайтын резерві жоқтың қасы. Әскери-транспорттық авиация мүмкіндігі шектеулі. Логистика мен инфрақұрылым нашар дамыған. Керек десеңіз, авиаотынды да әлі күнге дейін шетелден сатып аламыз. Ал әскери тәжірибе – қағаздағы есептен әлдеқайда маңызды фактор. Бірақ соңғы жылдары Қазақстан армиясының жауынгерлік машығын жетілдіру бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Атап айтқанда, соңғы жылдары әскери жаттығулар жиілеп, Қарулы күштердің халықаралық оқу-жаттығуларға қатысуы артып келеді. НАТО елдерімен, Түркия, Қытай, Ресеймен бірлескен жаттығулар ұйымдастырылуда. БҰҰ-ның бітімгерлік миссияларына қатысу арқылы біздің әскери қызметшілер халықаралық тәжірибе жинақтап, заманауи соғыс жүргізу әдістерін меңгеріп келеді. Бүгінде Қазақстан – ТМД елдері арасында БҰҰ миссиясына дербес мандат алған жалғыз мемлекет. Бұл – ел

әскерінің кәсіби деңгейіне берілген халықаралық баға. Мәселен, 2019 жылдан бері Ливандағы БҰҰ уақытша күштерінің құрамында 140-тан астам сарбазымыз қызмет атқарды. Одан бөлек, Таяу Шығыс, Кипр, Үндістан, Пәкістан және Батыс Сахарадағы операцияларға штаб офицері және бақылаушы ретінде 40-қа жуық әскери маман жіберілді. 2022 жылдан бастап бітімгерлеріміз Конго мен Оңтүстік Африка Республикасына жол тартты. 2024 жылғы 15 наурызда қазақстандық контингент алғаш рет «БҰҰ-ның бөлінуді бақылау күштері» құрамында Голан жоталарына орналасты. Фауар базасындағы 139 жауынгер 600-ден астам жауынгерлік тапсырманы орындады. Сонымен қатар Қарулы күштеріміздің жауынгерлік әзірлігін арттыру үшін елімізде ірі стратегиялық оқу-жаттығулар да өтуде. 2019 жылы – «Айбалта», 2021 жылы – «Отпантау», 2023 жылы «Батыл тойтарыс» жаттығуы ұйымдастырылды. Соңғысында алғаш рет Жоғарғы Бас қолбасшының ставкасы мен соғыс уақытындағы Үкімет құрылымы өрістетілді. Бұл әскери басқару жүйесінің тиімділігін пысықтауға мүмкіндік берді. Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, 2024 жылдың өзінде Қазақстан өз аумағында 10 халықаралық оқу-жаттығу өткізсе, әскери қызметшілеріміз шетелде өткен 21 оқу-жаттығуға қатысқан.

ӨЗІМІЗДЕ ДЕ ӨНДІРІС БАР

Әскери қуатымыз жайлы сөз болса: «бізде әскери өндіріс жоқ, бәрін Ресейден сатып аламыз» деген пікір жиі айтылады. Бұл шындықтың бір жағы ғана. Қазір «түк жоқ» деп ауызды ку шөппен сүрте беруге де болмайды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы Кеңес Одағының қорғаныс өнеркәсібіне тиесілі 50-ге жуық кәсіпорын мұраға қалды. Бұл – отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің (ҚӨК) негізін құраған инфрақұрылым болса, бүгінде Қазақстан аумағында озық шетелдік компаниялармен бірлескен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ кәсіпорны жұмыс істейді. Олардың қатарында Aselsan түрік компаниясымен бірлескен оптикалық-электрондық құралдар өндірісі, Eurosorter француз-неміс компаниясымен бірлескен ЕС145 тікұшақтар өндірісі, Tales француз компаниясымен бірлескен KB және UKB диапазонындағы радиостанциялар өндірісі және басқалар бар.

Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешені барлаудың оптикалық-электрондық құралдарын, сауытты дөңгелекті машиналар мен бронетранспортерлерді, байланыс құралдары мен автоматтандырылған басқару жүйелерін, ЕО-145 тікұшақтары мен сыйымдылығы 200 тоннаға дейінгі әскери кемелерді, ірі калибрлі пулеметтер мен атыс қаруына патрондарды, әскери қызметшілерге арналған жабдықтар мен киім-кешекті өндіреді.

Еліміздегі кәсіпорындарда сауытты танк, автокөлік техникаларына, сондай-ақ дүркіндеп оқ ататын реактивті жүйелерге техникалық қызмет көрсету мен жаңғырту жасалады. Отандық ұшқышсыз жүйелерге әскери сынақтар жүргізіліп, нәтижесінде «Sunqar» ҰҰА Қарулы күштерге қабылданды. Сонымен қатар Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мемлекеттік қорғаныс тапсырысына қатысты кейбір өкілеті мен функциясы Қорғаныс министрлігіне берілді. Қысқасы, еліміздің тұтастығын, іргеміздің беріктігін бекемдейтін әскеріміздің әлеуеті тым төмен де емес. Дегенмен елдің егемендігін сақтап, шекарамызды қорғауда халықтың да белсене атсалысуы қажет. Өйткені қауіпсіздік тек әскердің ғана емес, тұтас ұлттың міндеті екенін ұмытпауымыз керек.



# ӘКЕСІ ҮШІН КЕК АЛҒАН

Қаматай Темірбекұлы Тоқабаев 1924 жылы 5 тамыз күні Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай ауылында дүниеге келген. Бейбіт жатқан елге тұтқиылдан басып кіріп, фашистер соғыс бастағанда оқушы бала болатын.

Әкесі Темірбек алғашқылардың қатарында соғысқа кетеді. Үйдегі бас көтерер өзі болғандықтан әрі анасына ауыртпалық түскендіктен оның бейнетін бөліскісі келеді. Өгіз арбаның күшімен ғана атқарылатын шөп шабу, оны тасу, мал азығын дайындау, егіс алқаптарындағы жұмыстардың бәріне араласып, ерте есейеді. 15 жасынан теміржол бойында жөндеуші болып жұмыс істейді. Күндіз-түні бір толастамайтын ағылып жатқан пойыздардың кідіріссіз жүруіне атсалысады. Қолын суық темір қарып, аяғы тас болып қатып жүрсе де, майдандағы жауынгерлердің жеңіспен оралуына үлес қосып жүрмін ғой деген бір сезім жанын жылытып тұратын.

1942 жылдың ақпан айында әкесінен хат келеді. Онда «38-атқыштар дивизиясының 115-батальон жауынгерлерімен бірге неміс фашистерін Мәскеуге жеткізбей қуып тастадық» депті. Бұл жасөспірім Қаматайдың жігерін жанып, тезірек 18-ге толып, майданға аттансам ғой деген арманын ұштай түсті. Бірақ сол жылдың қыркүйек айында келген қаралы хабар Қаматайды есеңгіретіп жіберді. Әкесі Смоленск облысына қарасты Калуга қаласы үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тауыпты. Майданға барсам әкеммен қауышармын деп жүрген жігіттің үміті үзілді. Бірақ жауға деген кеудесін кернеген кек пен өшпенділік, әкесінің кегін қайтарсам деген ой күн сайын өрши түсті. Ақыры сол күн де келіп жетті. Ақмолада жасакталған 310-атқыштар дивизиясымен 1942 жылы қазан айының ортасында майданға кіреді. Олар бірден Ленинград қаласына келеді. Ондағы блокаданы көзімен көріп,



халқының азапты күндер мен қасіретті түндеріне куә болады. «Өмір жолы» деп аталған Ладога көліндегі жалғыз аяқ жолмен азапты кешіп, азық-түлік тасыған кезін ешқашан ұмытпақ емес. Ленинград блокадасын бұзып жарып, қаланы азат еткен соң Сталинград майданына жіберілді. Сталинград үшін шайқас сұрапыл болды. Сталинград қаласы стратегиялық нысан болғандықтан, фашистер оны басып алуға тырысып, одан әскерін де, техникасын да аямады. Күш жағынан тең болмаса да, біздің әскер асқан ерлік пен жанқиярлықтың үлгісін көрсете білді. Жаудың азық-түлік, қару-жарақ келетін жолдарын жауып, олардың одақтастармен байланысын үзіп тастады. Осы уақытта армия генералы Шумилов фельдмаршал Паулюстің дивизиясын талқандап, өзін қолға түсіреді. Сталинград шайқасының жеңісі Екінші дүниежүзілік соғыстың аса маңызды бағыттарын айқындап берген тарихи шайқасқа бағаланды.

Сталинград шайқасынан кейін Қаматай Кавказ операциясында, Курск-Орел,

Украина майдандарында болып, Польша, Чехословакия жерін азат етуге қатысады. 1945 жылы атақты шайқас – Берлинді алу операциясы болады. Жанталасқан неміс армиясы соңғы күшін жинап, Берлинді қорғап бақты. «Барлық елдің ашу кегі орна менің кеудеме кеп, жау жолына атам сені, бомба бол да, жарыл жүрек» деген Баубек Бұлқышевтің отты жыры әр жауынгердің жүрегінен орын алғаны сонша, біздің әскер рухтанып, ерекше қайсарлықпен фашизмнің ортасын тас-талқан етті. Өттең, Ұлы Жеңіске санаулы күндер қалғанда ерлікпен қаза тапқандардың өлімі өте өкінішті болды деп күнренді соғысқа қатысқан әрбір солдат. Әрине, соғыс құрбандықсыз болмайды. Ел-жерін қорғап мерт болған ерлер есімі мәңгілік ел есінде.

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» дегендей, 1418 күнге созылған соғыс Ұлы Жеңіспен аяқталды. Қаматай Тоқабай 1947 жылы елге оралып, еңбекке араласты. Қайтадан өзі қалаған теміржол саласына барды. Қатардағы диспетчерден станция бастығына дейінгі сатыдан өтті. 53 жыл өмірін

теміржол саласына арнаған Қамекең зейнетке шыққаннан кейін де Астана қаласындағы жол торабы станциясы бойынша ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. Мұнда мыңдаған соғыс және еңбек ардагері тіркелген. Олардың тұрмыс жағдайының жақсаруына белсене кірісіп, көмек жасады. Ол жүрген ортасында сыйлы, сөзі өтетін беделді азамат болды. КСРО-ның және Қазақстан темір жолы саласының «Құрметті теміржолшысы» атағын иеленді. Ұлы отан соғысында ерлік көрсеткені үшін I, II дәрежелі отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», Польшаны, Чехословакияны азат еткені үшін медальдарымен марапатталды. Майданда азат еткен қалалары үшін Бас қолбасшы И.Сталиннің бұйрығымен 25 рет алғыс алған. 1945 жылдың 24 маусымында Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен Жеңіс парадына қатысты. 2005 жылы Жеңіске 60 жыл толғанда, Мәскеу мен Минсктегі парадқа шақырылды. 2010 жылы Жеңістің 65 жылдығына орай Қаматай Тоқабай Чехия елшілігінің арнайы шақыруымен Прага қаласында болып қайтты. Айта берсек, ондай маңызды кездесулер өте көп болды. Бұл 18 жасынан Отан үшін деп қолына қару алып, ерліктің небір үлгісін көрсеткен, адал жауынгер болған Қаматай Тоқабайдың өлшеусіз еңбегіне көрсетілген құрмет еді. Өмірі ұрпаққа үлгі, еліне мақтаныш болған, соғыс және еңбек ардагері Қаматай Тоқабайдай ардақты ақсақалды Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында еске алып, өмір жолынан естелік айтуды парыз санадық. Жасы 90-ға таяп қайтыс болған батыр атамыз қанды қырғыннан аман қалып, елге қызмет етудің өнегесін көрсетіп, ұрпағының қызығын көрді. Еліміздің егемендігін көріп, көңілі марқайды.

**Қарлығаш БӘКЕНҚЫЗЫ,**  
**ҚР Журналистер одағының мүшесі, қалалық Ардагерлер кеңесінің медиатоп мүшесі**

9 мамырда Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аталып өтпек. Осыған орай, Ұлы Отан соғысының ардагері – атам Әбдіхамит Қоңырқұлжиновтың өз аузынан естігендерімді және ол кісі туралы баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларды зерделей отырып, естелік жазуды жөн санадым.

# БАС ШТАБТЫҢ ШИФР ШЕШУШІСІ

Атамыз 1916 жылы қазіргі Ұлытау ауданы Амангелді-Қорғантас елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Қоңырқұлжа Ахмет ишаннан дәрiс алған. Өзі ауылында 4 класс бітірген. 1930-1932 жж. ашаршылықта әкесі Қоңырқұлжаның інісі Жакейдің отбасымен бірге анасы екеуі Қарақалпақстанға қоныс аударыпты. Анасы Ақмоншақ сол Қарақалпақстанда қайтыс болған екен. Қайын атам 8 жасында әкеден, 16 жасында шешеден жетім қалған. 1932 жылы елде, Қарсақпайдың зауытына жұмысқа адам алып жатыр деген хабарды естіп, барлығы елге қайтады. Елге оралған соң немере ағасы, Жакейдің баласы Бодыман (Абжаппар) екеуі зауытқа жұмысқа барады. Жасы жетпегендіктен атамызды зауыттың өзіне алмай, Байқоңырдағы көмір шахтасына жұмысқа жібереді. Кейін теміржолда, зауытта көмекші слесарь етіп алады. Атамыз ФЗУ-да оқыған. 1935 жылы Семейдегі қаржы-экономика техникумына түседі. Орысша білмей барған ол бір жылдың ішінде орысшаны өте жақсы меңгергені сондай, орысша-қазақша аудармашы болып қосымша жұмыста істеген. 1938 жылы партияға кандидаттыққа өтеді. 1939 жылы техникумды үздік бітіріп шығады. Атамыз математикаға өте жүйрік болған, кейін шифровальщик болғанда үлкен көмегі болған екен. 1939 жылы жоғары білім алсам деген арманмен құжатын Ленинградтағы финан-экономика институтына жібереді. Көп ұзамай ол жақтан «Институтқа емтихансыз қабылдандыңыз. 1 қыркүйекте оқуға келіңіз» деген хабар келеді. Сонымен, тамыздың 25-інде атам Ленинградқа келіп оқуға кірісіп кетеді.



нан 1942 жылдың ақпанына дейін оңтүстік майданда майдан штабының 8-бөлім бастығының орынбасары болады. 1942 жылдың ақпанынан 1946 жылдың ақпанына дейін корпус штабының 8-бөлімінің бастығы болады. Атамыз құпиялық қызметте кадрлық офицер, барлаушы болған. Иранда тыңшылық тапсырмамен 3 рет болған екен. 1947 жылы Сталиннің рұқсатымен отставкаға шыққан.

Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО Жоғары Президиумының 1944 жылғы 1 мамырдағы бұйрығымен «За оборону Кавказа» медалімен, 1945 жылы «За Победу над Германией» медалімен және елге оралған соң 1994 жылы «Медаль Жукова», 1985 жылы «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» орденімен, Ұлы Жеңістің бірнеше мерекелік медальдарымен, т. б. марапатталған. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы халқымыздың ерлігі» қоғамдық деректер банкінен алынған нақты дәлелдейтін ақпарат барын растаймыз.

1947 жылы елге оралған соң Ұлытау, Жезді аудандарында партия қызметкері болып, аудан экономикасының дамуына зор үлес қосқан.

Ұлы Отан соғысы жылдарында анамыз Райса Михайловнамен шаңырақ көтерген. Анамыз да атамызбен қатар соғысқа қатысып, 1945 жылы «За оборону Кавказа» және бірнеше мерекелік медальмен марапатталған. Анамыз ұстаз болған. Ұлытаудан шыққан Төрегелді Шарманов, Камал Смайылов сияқты зиялы, елге танымал азаматтарға орыс тілінен сабақ берген. Ұстаздық еңбегі бағаланып, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған. Ата-енем 9 бала, яғни 5 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірген.

Мен Әбдіхамит және Райса Қоңырқұлжиновтардың кенже ұлы Мараттың зайыбымын. Жолдасымыз 2009 жылы дүниеден озды. Бүгінде балаларымыз бірге Астана қаласында тұрамын. Немерелері Бауыржан, Бақытжан, Тоғжан жоғары білімді, өз мамандықтары бойынша қызмет атқаруда. Отбасымызда атамыздың шөберелері Жантөре, Зере, Асыл өсіп келеді.

Кешегі алып мемлекет – Кеңес Одағында санаулы құпия құрастырушы, арнаулы маманның бірі – шифр шешуші жалғыз қазақ Ұлытаудың ұлы екенін бүгінгі ұрпақтың біліп, оның тарихи, рухани мәнін терең сезініп өсуі ел болашағының берік іргетасы деп білемін. Бұл – тек өткенге тағзым емес, ұлттық сананың, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.


**Гүлнәзия САБЫРҚЫЗЫ,**  
**Астана қаласы №9 «Зерде» мамандандырылған мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы**

# СОҒЫСТЫ ЖЕҢГЕН АҒАЙЫНДЫЛАР

1941 жылы сұрапыл соғыс басталған кезде, барлық елді мекеннен ер-азаматтар жаппай соғысқа шақырту алды. Солардың ішінде менің әкем және оның бес бауыры бірдей майданға аттанған еді.

Әкем мен оның бауырлары Ақмола қаласынан шақырылған еді. Атап өтер болсам, әкем Жармағанбет Сәдуақасов, ағам Тажмағанбет Сәдуақасов, атам Бекжан Хамзин, ағаларым Жәкен Хамзин, Омар Хамзин, Шайхан Хамзин бір әулеттің ағайынды бауырлары болатын. Аты аталған ағайынды бауырлар соғысқа дейін бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүрді. Отанды жаудан қорғау үшін өз отбасымен, туыс-туғанымен, бала-шағасымен қоштасып, елі, жері үшін соғысқа аттанады. Соғыс уақытында өзімнің анам – Қапаш, әкем – Жайбөпе. Ақшыл Дәмен, Әзкен апаларым соғысып жатқан солдаттарға арнап қолғап тігіп, шұлық тоқып, ыстық тағам пісіріп, күн-түн демей солдаттарға арнайы қалта тігіп, жөнелтіп отырған екен. 1945 жыл – сұрапыл соғыстың аяқталған кезі. Ауылдастар бөркін аспанға атып, қуанып жатты. Соғыстан ағайынды бауырлар да оралды. Біреуі жаралы болып оралып, енді біреулерінен соғыстан қара қағаз келіп жатты.

Әкем Жармағанбет Сәдуақасов 1901 жылы туған. Соғыс майданына кетерде өзіне арқа сүйеп жүрген екі інісі Тажмағанбет пен Орал Сәдуақасовтарды Балалар үйіне тапсырып кетеді. Украин елі, Харьковте болған соғыста ол,



қолына оқ тиіп, жаралы келеді. Елге келісімен Балалар үйіне өткізген інілерін тауып алады. Аласапыран кезінде бір-бірінен көз жазып қалмай, аман-есен қауышқан ағайындылардың сол сәттегі қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әкем соғыс ардагері атанып, «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі», «Жеңістің 20 жылдығы», «Жеңістің 25 жылдығы», т. б. медальдармен марапатталады. Әкемнің осы медаль-ордендерін таққанын көрген емеспін. Мақтанып тағып жүргендей боламын деп қымсынатын. Атаққа әсте қызыққан емес. Біз отбасында 3 бала бөп өстік. Үлкен апам – Баян, ағам – Ескермес, кенже қызы мен – Алтынайдар. Әкем 1976 жылы 10 ақпанда Аршаты ауылында 76 жасқа толған шағында дүниеден өтті.

Тажмағанбет Сәдуақасов



– менің әкемнің туған бауыры. 1944 жылы 18 жасында соғысқа аттанады. Соғыс біткен соң 6 жыл Германияда әскери борышын өтеп, елге оралады. Соғыстан кейін медаль-ордендермен марапатталады. Елге оралған соң отбасын құрып, балалы-шағалы болады.

Бекжан Хамзин атамыз соғыста екі құлағына оқ тиіп, саңырау болып оралды.

Жәкен ағамыз соғыстан оралған жоқ. Тек Курск жерінде қайтты деген қара қағаз келді. Басқа хабар болмады.

Омаш Хамзин ағамыз соғысқа қатысып, аман-есен елге оралды. 86 жасында Астанада қайтыс болды.

Шайхан Хамзин ағамыз Белоруссия майданында шайқасты. Смоленск, Витебск, Брянск қалаларын жаудан азат етті. Белоруссия еліндегі

шайқаста жараланып, 1 көз, 1 аяғынан айырылып, мүгедек болып оралды. Солдаттар санитарный самолетпен үйге әкеліп, туған-туыстары жылап қарсы алды. Аяғына протез салып, сол аяқпен жүрді. Елге ерлігімен оралды. Орден-медальдармен марапатталды. 77 жасында дүниеден өтіп, қала іргесіндегі Ильинка қорымында жерленді.

Осылайша, бір үйден алты бірдей азамат ел басына күн туғанда Отан қорғауға аттанды, Жеңісті жақындатуға көмектесті. Аталарымыз Ұлы Жеңістің 80 жылдығында ұрпақтарым еске алды деп хаттары шат болсын деп естелік жаздым.

**Алтынайдар БОКЕШОВА,**  
**Астана қаласы Байқоңыр ауданы ардагерлер ұйымының мүшесі**



Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің біріне айналды: әлем халықтарының 80 пайызы оның алапат өртіне ілікті, 60-тан аса мемлекет соғыс майданына тартылып, 40-тан астам елдің жері өрт пен қанға бөкті. Аталмыш соғыс тарихын зерттеуші ғалымдар еңбектерінде Кеңес Одағы Қарулы күштерінің құрамындағы 35 млн адамның 1 млн 366,2 мыңы – қазақстандықтар, ал еңбек армиясындағы 700 мыңнан аса адамның 200 мыңнан астамы қазақтар екені айтылады.



## АҚМОЛАНЫҢ ӘСКЕРИ КҮШТЕРІ

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде резервтерді әзірлеу өзекті мәселелердің бірі еді. Әскери оқытудан өткен қосымша күштерді құрудағы мақсат тылда жаңа бөлімдер мен құрамаларды қалыптастырып, оларды әскери бағытқа бейімдеу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған бірлестіктерді, құрамалар мен бөлімдерді майданға шығару және оларды жеке құраммен, қару-жарақпен, жауынгерлік техникамен толықтыру болатын. 1939-1941 жылдары Қарулы күштер құрамын толықтыру мақсатында қазақстандықтарды кезең-кезеңімен әскерге шақыру жоспарланған еді. Сол жылдары армия қатарына шақырылғандардың дені әуелі фин соғысына қатысқаны тарихтан мәлім. Негізгі армияда соғыс басталғанға дейін 178000 қазақстандық (оның ішінде 40600 қазақ) кадр бөлімдерінде қызмет атқарды. 1941 жылдың алғашқы күндері мен айларында Брест бекінісі мен Батыс майданы қорғаушыларының арасында қазақстандықтар өте көп болды. Олардың басым бөлігі майданға толықтырушы күш ретінде кетті. Облыстық әскери комиссариаттар армияда шайқастардан аман қалған дивизиялар мен бригадалардың шығындарын толықтыру үшін тікелей майданға жіберілетін роталарды жасақтады. Соғыс жылдарында қазақстандықтардың шамамен 3/1 бөлігі Қазақстанда құрылған әскери бөлімдер мен бөлімшелерге қабылданды. Германияның Кеңес Одағына шабуыл жасауына байланысты Қазақстанда жаңа әскери күштер жедел құрыла бастады. Кеңес әскерлерінің негізгі операцияларына қатысқан қазақстандық

бөлімдер мен құрамалар арасында 12 атқыштар дивизиясы, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, сондай-ақ 50-ге жуық жеке полк пен басқа да әскери батальондар болды. Ақмола облысынан майданға түрлі ұлт өкілдерінен құралған 63 мыңнан астам ұл мен қыз аттанды, олардың 34 мыңнан астамы майдан даласынан оралмады. Ақмола облысы 34914 адамынан айырылды, оның ішінде 15081 адам қаза тапты, 12801 адам хабар-ошарсыз кетті. Ақмола қаласы бойынша майданға кеткен 9783 ақмолалықтың 7414-і оралмады. Фашистік Германияның Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасауы елдегі барлық мекемелердің жұмысын түбегейлі өзгертіп жіберді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Ақмола қалалық әскери комиссариат майдан мен тыл арасындағы негізгі байланыстырушы буынға айналды. Ол елді қорғауға жұмылдыру шараларын ұйымдастыруда, сарбаздарды әскерге шақыруда және майданға қажетті ресурстарды басқаруда аса маңызды рөл атқарды. Ең алдымен, әскери комиссариат әскер қатарына алынатын азаматтарды тіркеп, оларды медициналық тексерістен өткізді. Осы арқылы әр адамның денсаулығы мен әскери қызметке жарамдылығы анықталды. Жасақталған әскерлер арнайы бөлімдерге бөлініп, дайындықтан өтіп, майдан шебіне жіберілді. Комиссариат арқылы көптеген еріктілер де майданға аттанды. Сонымен қатар әскери комиссариат майданға кеткен жауынгерлердің құжаттарын рәсімдеп, олардың отбасыларына ақпарат беріп отырды. Жоғалған және қайтыс болған жауынгерлер

туралы мәліметтер де дәл осы мекеме арқылы таратылып, жақындарына жеткізілді. Кей жағдайда отбасыларға материалдық көмек пен кеңес беру жұмыстарын да комиссариат қызметкерлері атқарды. Комиссариат тылдағы жұмысты ұйымдастыруға, мысалы, қорғаныс өнеркәсібіне кадрлар тартуға да үлес қосты. Соғыс жылдарында әскери комиссариат қызметкерлерінің еңбегі өте ауыр әрі жауапты болды. Олар күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп, ел қауіпсіздігі жолында тер төкті. Соғыс аяқталған соң да комиссариат өз қызметін одан әрі жалғастырды. Олар қайтыс болған, із-түзсіз жоғалған жауынгерлерді тіркеу, олардың отбасыларына марапаттарды табыстау және естелік құжаттарды рәсімдеу жұмыстарын атқарды. Бейбіт өмірге оралған ардагерлерді тіркеп, әлеуметтік қолдаулармен қамтамасыз етуге атсалысты. Ұлы Жеңіске қол жеткізуде Ақмола өңірінің халқы да өз үлесін қосты. Соғыс жылдары Ақмоланың дамыған темір жол торабы майдан қажетіне сай әскери бөлімдер мен құрамалардың шұғыл құрылуына үлкен серпін берді. Ортаазиялық әскери округтің орталығы болған Ақмола қаласы соғыстың бастапқы күнінен-ақ жауынгерлік бөлімдерді жасақтау орталығының біріне айналды. Жауынгерлерге уақытша казарма ретінде қалалық кеңестің шешімімен білім беру мекемелерінің жайлары, пионерлер сарайы, шіркеу ғимараттары берілді. Мысалы, Ақмола қалалық атқару комитетінің 1941 жылғы 19 желтоқсандағы атқыштар дивизиясын құру және жауынгерлерді қала аумағында орналастыру туралы шешімі бойынша жауынгерлер

мен командалық құрам әскери қалашықтағы №28, 29, 30, 43, 44, 51, 52, 53, 54, 56, 69, 70 барактарда – 7600 адам, Ақмола қаласындағы музейде – 1500 адам, №7 мектепте – 800 адам, ал дивизия штабы «Сталин туы» редакциясының ғимаратына орналастырылады. №7 мектеп оқушылары №2, №5 мектепке бөлінсе, «Сталин туы» редакциясының ғимаратына редакциясының ғимаратын бөліседі. Осы ғимараттарды дивизия қарауына 25 желтоқсанға дейін босатып беру тапсырылады, қажетті жөндеу жұмыстары, құрал-жабдықтарды тасу, орналастыру дивизия жауынгерлерінің күшімен жүргізіледі. Қаланы нанмен қамтамасыз етуге нан зауытының күші жетпегендіктен қосымша екі далалық наубайхана жұмыс істеді. Аса қысқа мерзімде 310, 387-атқыштар дивизиясы, 29-гвардиялық атқыштар дивизиясы, 106-атты әскер дивизиясы Ақмолада жасақталды, осы жерде жауынгерлер әскери дайындықтан өтті, осы жерден майдан даласына жөнелтілді. Ақмолалық жауынгерлердің біразы майдан сапына тек өз өңірлерінен ғана емес, өзге қалалар мен республикалардың да топырағынан аттанды. От пен оқтың арасынан шыққан Ақмоланың ержүрек сарбаздарының даңқты ізі жоғалған жоқ. Олардың ерлігі мен тарихи мұрағат қойнауында сақталып, тарихтың алтын қорына енді. Мысалы, Ақмолада жасақталған әскери бөлімшелер мен дивизиялардың құжаттары, әскери операциялар, жан алып, жан беріскен қиян-кескі соғыс оқиғаларының толық хронологиясы, жеке жауынгерлер туралы мәліметтер, тарихи формулярлар мен соғыс әрекетін-

дегі журналдар, әскери әрекеттердің карталары, майдандар бойынша Ұлы Отан соғысына қатысқандардың тізімдері, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов, Кеңес Одағының Батыры, академик-жазушы Мәлік Ғабдуллин, Рейхстагқа түтіккен Рақымжан Қошқарбаев, Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаров туралы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивінде (ЦАМО) сақталған архив деректерінің көшірмелері Астана қаласының мемлекеттік архивінде сақтаулы. Екінші дүниежүзілік соғыста Ақмола әскери-стратегиялық тұрғыдан аса маңызды аймақтардың бірі болды. Осы өңірде құрылған дивизиялар жауынгерлік қабілетімен ерекшеленіп, майдан даласында жанқиярлықтың үлгісін көрсетті. Олар туралы тарихи деректер не дейді? Кейінгі ұрпақ өткеннің беттерін парақтағанда, кімдердің ерлігін ғибрат тұтуы тиіс? Мұндайда архив құжаттары мен тарихи деректерге үңілудің әсері ерекше. Орта Азия әскери округінің Әскери кеңесі 1941 жылы 15 шілдеде Ақмолада әскери уақыт талабымен 310-атқыштар дивизиясын жасақтау туралы №1 бұйрыққа қол қойды. Жауынгерлер мен офицерлер құрамын жасақтау және жауынгерлерге тез арада оқу-жаттығу жүргізуге бір ай уақыт берілді. Жауынгерлер Ақмола облысының диқандары мен малшыларынан, зауыт, фабрика жұмысшылары мен зиялы қауым өкілдерінен, Қарағанды шахтерларынан жасақталды.

Офицерлер құрамының 15-17% кадрлық бөлімнен, көпшілігі Алматы әскери училищесінің түлектері болатын. Алғашқы дивизия командирі Никифор Матвеевич Замировский болды. 30 шілдеде дивизияның алғашқы бөлімдері әскери ант қабылдады. 1941 жылы 17 тамызда дивизия толық жасақталып, киім-кешек, қару-жарақпен 80% қамтамасыз етіліп, 17 эшелон майданға аттанды. Жетіспеген материалдық бөлігі жолда және Тихвин станциясында толықтырылды. 310-атқыштар дивизиясы құрамының 40 пайызы – қазақтар, 30 пайызы – орыстар, 25 пайызы – украиндар, 5 пайызы басқа ұлттардың өкілдері болды. 310-атқыштар дивизиясы Ленинград, Волхов, Карел, 2-Белорусь майдандары құрамында фашист басқыншыларына қарсы шайқастарға қатысты. 1944 жылы Новгород қаласы үшін болған шабуылда сәтті шайқасқаны үшін Жоғарғы Бас қолбасшы, Кеңес Одағының маршалы Сталиннің бұйрығымен дивизияға «Новгород» атауы берілді. Бұл дивизия Карелияны, Польшаны азат етуге, Шығыс Помераниядағы жау тобын талқандауға және Берлин операциясына қатысты. Дивизия Қызыл Ту және Ленин ордендерімен марапатталды.

**Ғаиза ИСАХАН,**  
Астана қаласы мемлекеттік архиві ғылыми-зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы

(Жалғасы бар)



Марат Кәрімұлы Мұстафин 1952 жылдың 7 мамырында Қостанай облысы Жанкелді ауданының Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1973 жылы Қазақ химия-технология институтын, ал 2002 жылы Алматының экономика-статистика институтын сырттай бітірген. Сонымен қатар ол АҚШ-тың Вашингтон, Аризона штатында және Ұлыбританияның Лондон қаласында басқарушылықты жетілдіру орталықтарында да білім алған.

Марат Мұстафинді алғаш көргенімде Астанадағы Ахмет Байтұрсынов атындағы мектепте ол сахнада сөз алып, ұлт ұстазының өнегелі өмірі мен саяси қызметі, әрі шығармашылығы жайлы баяндады. Ахаңның қазақ үшін қалдырған еңбегі ұшан-теңіз деп мінберден сөйлеп тұрып: Біз ардагерлер ертеңгі болашақтың ұлтжанды болуы үшін жұмыс істеуіміз керек деп, осы мақсатты істі өзінің парызы санайтынын жеткізіп, жалынды сөздерімен біздерді қанаттандырды. Сондағы аңғарғаным, оның ұлттына деген құрметі мен сүйіспеншілігі ерекше жан екенін түсіндім. Кезінде оның білікті, білімді, қайраткер басшы болғанын естіген едім. Ол жас кезінен алдына қойған мақсатты ісін тындырмай қоймайтын, ойлаған арманын жүзеге асырмай тынбайтын қайсар азаматтығымен танылыпты.

Еңбек жолын керамзит бетон дайындайтын Есіл зауытынан бастайды. Қатардағы қарапайым инженер болып орналасады. Инженер болып жүріп-ақ ол зауытта бірден көзге түседі. Іскерлігі мен өз мамандығына деген адалдығын көрген зауыт басшылары оның тиянақты, еңбекқор екенін байқап қалады. Цех бастығы, зауыттың бас технолог қызметін атқарады. Жас маманды партия қызметке шақырып, аудандық партия комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады.

Сатылап отырып, ең соңында Марат Мұстафин осы зауыттың директоры қызметіне дейін көтеріледі. Зауытқа басшы болып келісімен біршама жаңа өзгерістер енгізіп, ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігінің арқасында жұмыстың қарқынды жүруін қадағалуының барысында алдымен облыс, кейіннен республика көлеміне танылып, зауытты алдыңғы қатарға шығарады. Құрылыс индустрия саласы жағынан талай рет республиканың жеңімпазы атанып, тіпті ол басқарып отырған зауыттың аты Кеңестер Одағына да белгілі болады.

Торғай облысы екінші рет қайта құрылғанда Марат Кәрімұлы халықтың қолдауымен, жоғары жақтың шешімімен 1993 жылы Арқалық қаласының басшылығына, кейіннен әкімдігіне тағайындайды. Бұл қызметке келісімен Марат Мұстафин Арқалық қаласының инфрақұрылымын жетілдіруге, әлеуметтік нысандардың құрылысын жаңғыртуға және жылу орталығын қалпына келтіру, көшелерді жөндеу мен көгалдандыруға, сонымен қатар жолаушылар көліктерін реттеу тағы да басқа талпын жатқан жұмыстармен айналысады. Осы жылдары тоқырау заманының кезі емес пе? Жоқтан бар жасап, қирап қалғандарды жүйдеп ретке келтіреді. Атап айтсақ, Арқалық қаласына оның қалдырған өз қолтаңбасы бар.

# ҚАЙРАТКЕР-АРДАГЕР

АСТАНА ҚАЛАСЫ АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ МАРАТ КӘРІМҰЛЫ МҰСТАФИН ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР.

Ол кісіні Астана қаласының ардагерлер кеңесі ұйымдастырған әртүрлі жиындар мен шараларда көріп жүрдім. Кейіннен таныс-біліс болдық.



Осыдан кейін оның қызметтегі баспалдақтары алдында жазғанымыздай, сатылап көтеріле береді. Марат Кәрімұлы Мұстафин туған жері Торғай облысында, Арқалықта, Ақмола облысында, Астана қаласында жауапты қызметте болады. Ол қай жерде қызметте жүрсе де елдің жоғын жоқтап, үнемі халық жағында жүреді. Шешілмей жатқан мәселелерді елмен бірге шешіп отырады. Ол үш облыста Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі департаменттің басшысы болады. Зейнет жасына шыққанға дейін ол біраз жыл Баға және монополияға қарсы саясат комитеттерінде және Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің департаменттерінде, кейіннен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменттерінің басшысы қызметін атқарған.

Тағы бір айтарым, Марат Кәрімұлы – тектінің ұрпағы. Қанға біткен қасиет қай кезде де өзінің жақсы қасиетін жоғалтпайды. Жақсы отбасында тәрбиеленіп, ата-анасының үлгі-өнегесін көрген азамат. Әкесі Кәрім ақсақал – Торғай облысындағы атақты Тілеп қобызшы мен Аманкелді, Кейкі батырлар мен Әліби Жанкелдиннің ұрпағы. Атақты ақсақалдың 100 жас мерейтойын туған жерінде жерлестері дүркіретіп өткізген екен. Өмір бойы елде ұстаздық еткен. Білімді, парасатты, көптің сыйлысы болған. Кітапты көп оқыған, балаларын да соған үйреткен.

Марат Мұстафиннің нағашылары да тегін адамдар емес. Шақшақ Жәнібек батырдың туған ағасы Тұрлығұлдың ұрпағы Жанқожа батырдан тарайды. Анасы Нәбира – ол да ұлағатты ұстаз болып, талай шәкірт тәрбиелеген, ауылында асыл әже атанған адам. Осындай тектілерден туған ол кісінің осал болуы мүмкін бе?

Кейін онымен жақынырақ таныстым. Оның атқарған талай тамаша шараларының куәгері болдым. Аудан ардагерлерінің атқарып жатқан жұмыстары жан-жақты. Қаладағы бес ауданның алды деуге болады. Жасап жатқан жұмыстары мен әртүрлі шараларын тіпті әлеуметтік желіден де жиі көріп тұрдым. Соның бірі Конституция күніне арналған «Ата заңым – айбыным» атты мерекелік шарасы еді. Алматы ауданындағы ардагер-зейнеткерлердің және тұрғын үйлердегі бастауыш ұйымдарының өкілдері қатысқан Қазақстан

Республикасының Конституция күніне ұйымдастырылған флэшмоб болатын. Осы шараны Астанадағы Алматы ауданының ардагерлері бар жігерімен, ерекше рухани болмысымен мазмұнды атап өтті. Қазақ елі монументінің алдына 500-ге жуық жиналған ардагер ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар тегіс ұлттық киім киіп, Қазақстан мемлекетінің гимнін орындап тұрып, халқымыздың қастерлейтін құс патшасы Бүркіт пен алтын Күннің бейнесін жасады. Бүркіттің қосқанатын бейнелейтін екі топқа бөлінген ардагерлеріміз екі жақтан шықса, алда тұрған топ бүркіттің тұмсығын суреттеді. Ал ортада тұрған бір топ ардагерлер Күннің көрінісін сомдады. Яғни Бүркіт – еркіндіктің, батырлық пен қайсарлықтың белгісі болса, Күн – даму мен өсіп-өркендетудің және жарқын өмірдің белгісіндей әсер қалдырды.

Аудан ардагерлерінің жұмысы жайлы сұрағанымызда Марат Мұстафин мына жайларды айтып өтті: – Қазіргі уақытта Алматы ауданында 32406 зейнеткерлер болса, солардың 8000-нан астамы Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің құрамына енген, олар 66-бастауыш ардагерлер ұйымдарына біріктірілген. Аудан ардагерлері кеңесінде Ұлы Отан соғысына қатысқан 4 майдангер, 257 тыл ардагері, 285 саяси қуғын-сүргін құрбандары, 35 адам –жалғыз-басты. Міне, осындай топпен жұмыс атқарып отырмыз. Олардың әрқайсысының өз проблемасы, шешімін таппай жатқан мәселелері бар. Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміздің бірі – өткен жылы 101 жасын атап өткен атамыз Рзағұл Байкешев ақсақал. Атамыздың өмір жолы жастарымызға тәрбиелік мәні зор рухани байлық десек те болады. Ол кісі жайлы «Астана ақшамы» газетіне журналистер мақала жазып, бүгінгі ұрпаққа үлгі етті.

Ауданымызда соғыс және тыл ардагерлерінің материалдық-тұрмыстық мәселелері мен олардың осындай үлкен мереке күндері қала және аудан басшылары тарапынан әрдайым көмек көрсетіліп тұрады. Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесі аудандағы әрбір ардагерлердің торқалы тойын «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана», Қазақ радиосы және ауданымыздың чатында құттықтап тұрамыз. «Алғыс хаттар» да табыс етіледі. Лайықтылары ҚР Орталық ардагерлер кеңесінің, Қалалық ардагерлер кеңесінің, қала және аудан әкімдігінің құрмет

грамоталарына ұсынылады.

Өткен жылы Алматы ауданы ардагерлер кеңесіне көп жылдар басшылық жасаған Сайлаубек Дүйсенбекұлы Байболовты 85 жасқа толған торқалы мереке күнімен аудан әкімі Рүстем Тәуекелов және Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов құттықтады. Біз де құттықтадық. Алматы ауданы кеңесінде тұрақты жағдайда әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері бойынша ардагерлерді қабылдау жүргізіп отырамыз. Ардагерлер көбіне тегін тіс салдыру, санаторлық-курорттық емделу, концерттерге тегін қатысады және мерекелерде тегін азық-түлік те беріліп тұрады. Жалғызбасты қарт ардагерлердің ауласын қардан, қоқыстан тазартуға барлық бастауыш ұйымдарының төрағалары белсенділік танытуда. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Елорда» халықтық хорының

яғни Астана тұрғындарын толғандырған сауалдарын назарға аламыз. Олардың өтініш-талаптарын жергілікті билік өкілдеріне жеткізіп, кейбір мәселелердің оң шешімін табуына ықпал етеміз, – дейді. Марат Мұстафин қазіргі таңда Алматы ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде ғана емес, қаланың телеарналары дайындаған тікелей эфирлеріне қатысып, өз пікірін айтып, күрмеуі келмей жатқан жұмыстардың жүріп кетуіне кеңес беріп жатады. Кез келген тақырыпқа жауап аласың, таптырмайтын маман, өз ісінің шебері. Ол кезінде Астана қаласы бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің басшысы болғандықтан жұртшылықтың

**МАРАТ КӘРІМҰЛЫ МҰСТАФИННІҢ – ЖАН САРАЙЫ БАЙ, СЫРТҚЫ ТҰЛҒАСЫНА ІШКІ МӘДЕНИЕТІ ДЕ САЙ, ТІПТІ, ЕРЕКШЕ ЖАРАСЫП ТҰРАТЫН ЕР МІНЕЗДІ, БА-РЫНША КІШІПЕЙІЛ, ӨЗІН ҚАДІР ТҰТЫП, БІЗ СЫЙЛАЙТЫН ЗАМАНДАСТЫҢ БІРІ. ОНЫМЕН ҚЫЗМЕТТЕС БОЛҒАН ӘРБІР АДАМ ОНЫҢ КІСІЛІГІН, ҚАРАПАЙ-ЫМДЫЛЫҒЫН, ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАН ЕКЕНІН, ҚОЛЫНАН КЕЛСЕ КЕЗ КЕЛГЕНГЕ ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА ДАЙЫН ТҰРАДЫ ДЕП СИПАТТАЙДЫ, ӘРІ ОНЫМЕН МАҚТАНАДЫ**

есептік концертті өтті. Олар өнерлерін тек елордада ғана емес, республика көлемінде көрсетіп жүр.

Марат Кәрімұлы елордадағы Қоғамдық кеңестің көп жыл мүшесі болған. Бұл – өте жауапты жұмыс. Қоғамдық кеңес қызметінің негізгі мақсаты – азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелер бойынша пікір білдіру. Осы бағытта азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасауын дамыту және сонымен қатар басқару органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Өз әңгімесінде Қоғамдық кеңес жұмысы жайлы қайраткер-ардагер: – Халықты,

2014 жылы ол кісі басқарған департамент тұтынушылардың құқын қорғау мақсатында 50 сот процесіне қатысыпты. Оның ішінде 35-іне талап қоюшы ретінде, 14-іне жауапкер ретінде және біреуіне тұтынушы мүддесін қорғаушы үшінші тарап ретінде қатысқан. Шығарған қорытынды бойынша департамент сот процестерінің 96 пайызында жеңіске жетіпті. Бұл дегеніңіз – тұтынушылардың құқы толығымен қорғалды деген сөз, сөйтіп, реттелетін нарық субъектілерінің заңсыз әрекеттерінің жолы кесілген.

Жаны таза, жүрегі жылы, адамдарға қамқор, ішкі мәдениеті бай, мінезі бірқалыпты, көпке кішіпейіл, елі қадірлеген Марат Кәрімұлындай азаматтың арамызда жүргені көңілге медеу. Оның осындай азаматтық қасиетіне, оның еңбекқорлығына демеу боп отырған бір адам ол – өмірлік жан жары, Гүлнәр Малғаждарқызы. Ол жан жары Маратпен Қазақ химия-технология институтын бірге бітірген. Гүлнәр Малғаждарқызы да жұбайы Маратпен бірге Есіл керамзит бетон дайындау зауытында 30 жылдай қызмет жасаған және Торғай облыстық кеден басқармасында, Ақмола облыстық су құрылысы тресінде жауапты қызметтерде болған. Марат Кәрімұлымен 50 жыл отау құрып, бала-шағасының қызығына тоймай бақытты отбасы атанып, бүгінде ұрпақтарымен көркейіп отыр. Үлкен қыздары Роза – кәсіпкер, ұлы Ерлан – шетелде оқып келіп, Алматыда аудиторлық қызмет атқаруда. Ал кіші ұлы Ержан – Астанада республикалық Мемлекеттік кіріс комитетінде жауапты қызмет атқарады.

Марат Кәрімұлының еңбегі де еш кеткен жоқ. 2007 жылы «Құрмет» орденімен марапатталған. «Астана» медалімен екі рет және Қазақстан Тәуелсіздігінің 10, 20 жылдығы медальдарымен, Қазақстан Конституциясына 10, 25 жыл, «Еңбек ардагері» медалімен, тағы да басқа наградалармен марапатталған. Марат Кәрімұлы Мұстафиннің жан сарайы – бай, сыртқы тұлғасына ішкі мәдениеті де сай, тіпті, ерекше жарасып тұратын ер мінезді, барынша кішіпейіл, өзін қадір тұтып, біз сыйлайтын замандастың бірі. Онымен қызметтес болған әрбір адам оның кісілігін, қарапайымдылығын, қайырымды жан екенін, қолынан келсе кез келгенге жақсылық жасауға дайын тұрады деп сипаттайды, әрі онымен мақтанады.

Бірі жылдың төңірегінде Марат Кәрімұлы жайлы білгенім, көргенім кейіпкерім – өте қарапайым адам. Айналасындағы қызметтес әріптестеріне де ардагерлер-зейнеткерлеріне де қамқорлықпен, сыйластықпен қарайды. Адамға жоғарыдан қарағанын көрген емеспін. Біреудің жақсылығы үшін балаша қуанады. Алдына көмек сұрап келген адамның қолын қақпайды, көмек көрсетеді. Өзі еңбекқор, мінезге бай, жұмыста алда жүріп көп шаруаны өзі тындырады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтқан – «Адал еңбек, Адал табыс, Адал адам» деген қағидатындағы нағыз адал адам, нағыз еңбекқор жан, адалдықты жақтаған азаматтың бірі – Марат Мұстафин. Біз сізбен мақтанамыз!

Ғалия БАЛТАБАЙ,  
ардагер-журналист



# ЕРЛІК – ЕЛДІК ДАСТАНЫ

Астанадағы Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында «Ерлік – елдік дастаны» атты республикалық командалық айтыстың жартылай финалы өтті. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шараны Amanat партиясының қолдауымен елорда әкімдігінің Мәдениет басқармасы ұйымдастырды.



Айтысты елімізге белгілі суырыпсалма сөз зергері, Парламент Мәжілісінің депутаты, Аманат партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай тізгіндеді. Қазылар алқасының құрамында Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер халықаралық одағының басқарма төрағасы Жүрсін Ерман, ақын, ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Галым Жайлыбай, ақын, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, күйші, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбай, Қазақстанның халық әртісі, ұлттық вокал мектебінің көрнекті өкілі Рамазан Стамғазиев, көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қалқаман Сарин, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі және эстрадалық бағытта өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған өнер иесі Ақан Әбдуәлі болды.

Жартылай финалдың алғашқы кезеңінде Қарағанды облысы мен Астана қаласының суырыпсалма ақындары мен дәстүрлі өнердің дарабоздары сахна төріне шығып, сөз өнерінің шеберлігін паш етті. Ақындар қайым айтыс, сүре айтыс, түре айтыс пен өтірік өлең айтып сайысса, дәстүрлі әнші, жыршы, термеші мен күйшілер өзара бақ сынады. Астана қаласы командасының тізгінін белгілі ақын Серікзат Дүйсенғазы ұстап, сахнада Дінмұхаммед Боранбай таныстыру айтты. Қаланың намысын қорғаған ақындардың қатарында Мұхтар Қонарбаев, Иранғайып Күзембаев, Нартай Тілеуқұл мен Еркебұлан Қайна-

заров болды. Олармен бірге дәстүрлі ән, жыр-терме, күй өнерінің майталмандары Клара Төленбаева, Гүлмира Сарина, Ерболат Шалдыбеков және Бақытжан Дүйсенғазиев өнер көрсетті. Ал Қарағанды облысы құрамасы да осал болмады. Команданы ақын Айтбай Жұмағұл бастап келсе, сахналық таныстыруды Жанарыс Тілеубек айтты. Сүре мен түре айтыста Тілеген Әділов пен Мақсат Аханов, өтірік өлең мен қайым айтыста Нұрмұхаммед Байсүгір мен Дидар Қами шеберлігін танытты. Олардың өнеріне дәстүрлі әнші Сержан Мұсайын, термеші Дәуренбек Әрқенов, жыршы Қазыбек Әдікей және күйші Балқан Смағұлов өз үлесін қосты.

Айтыс қашанда қазақ халқының делебесін қоздырып, сөз сүйегіне сіңген адамдарды желпітіп тастайтыны ақиқат. Осы жолы да көрермен бірде желпініп тақым қысса, бірде айғайлап қол шапалақтап отырды. Мысалы, Қарағандының атынан шыққан Мақсат Аханов пен Астананың намысын қорғаған Иранғайып Күзембаевтың айтысына назар салсақ, айтыстағы әріптесі Иранғайыптың сарылығына тиісіп бастаған Мақсат Ахановқа Иранғайып:

«Сары болсақ ұқсағам Сақ бабама.  
Сарыға тиісуің де жөн емес қой,  
Кенесары қорғаған Ақмолада» деп лезде жауап қайтарды. Оған Мақсат та табан астында тапқырлық танытып:

«Өзіңді ойлап жүргем  
қасқасың деп,  
Кім жіберген Мақсатты  
жасқасын деп.

Ол рас, хан Кене қорғатпы ғой,  
Қараөткелдің қадірі  
қашпасын деп.  
Өзіңді хан Кенеге теңемеші,  
Ол енді басқа тағдыр, басқа сурет.  
Кенесары қорғаған Сарықаны  
Түрі сендей сарылар баспасын деп» деп әзілмен жауап бергеніне көрермен тәнті болып, таңдай қағысып жатты. Сөйтіп айтыстың жалпы деңгейі қарайлас болғанмен, 1 ғана ұпай айырмасының нәтижесінде Қарағанды облысынан келген өнерпаздар астаналықтардан басым түсті.

Былтыр наурыз айында алғаш рет басталған командалық айтыс бірден айтысүйер қауымның ықыласын оятып, ел ішіндегі өнер мектептеріне тың серпін берген еді. Сол жолы «жыр аламына» қатысқан 20 ұжым биыл толық құрамда екінші маусымға келді. Іріктеу кезеңінен кейін 10 команда қалған болатын. Ал олардың ішінен 4 команда – Астана, Қарағанды, Түркістан және Ақтөбе облысы жартылай финалға жолдама алған. Осы жолы екі күн бойы Астана төрінде өткен айтыстың бірінші күні Астана мен Қарағанды құрамасы жұптасса, екінші күні Түркістан мен Ақтөбе облыстарының құрамасы шығып, өзара бақ сынасты. Ақтөбе облысының құрамасын белгілі айтыскер Марат Ахметов бастап келсе, Түркістан командасын ақын Бекарыс Шойбеков алып шықты. Қос команданың мүшелерін көрерменге қос өрен – Сұлтан Қарағұл мен Шахмардан Бекарысұлы таныстырды. Аламан сүре айтыспен басталып, алғашқы болып сахнаға ақтөбелік Нұрбол Жауынбаев

пен түркістандық Нұрмахан Жақыпбек шықты. Суырыпсалма ақындар өлеңмен тарихқа шолу жасап, кештің мазмұнын тереңдете түсті. Әзіл мен астарлы ой қатар өрілген сөз сайысы көрерменді бірде күлдіріп, бірде толқытты.

Сахнада бірінші болып сөз алған Нұрмахан Жақыпбек соғыстағы бабалардың ерен ерлігін әдемі жырмен өрнектеп:

«Көзсіз ерлік негізі – солардікі,  
Көбісі қайтпапайтынын біліп кеткен.  
Қолындағы таяғын қару қылып,  
Қайнаған қан майданға кіріп кеткен» деп елдің көңілін толқытса:

«Қырық бірде басталып  
қырғын соғыс,  
Бәрінің тәтті өмірі тәмамдалды.  
Нардың жүгін көтерген інгендей боп,  
Ердің жүгін көтеріп анаң қалды.  
Әкесі кеткеннен соң әулетіне,  
Бас болып оң үштегі балаң қалды.  
Әйел мен бала-шаға астық орып,  
Жіберең майдан жаққа  
вагондарды.  
Сондықтан ұмытпайық,  
ұлықтайық,  
Өмірі тылда өткен жарандарды.  
Қанын төгіп соғыста жүрмесе де,  
Терін төгіп тырмысқан мамандарды.  
Қару ұстап соғыспай немістермен,  
Кетпен ұстап соғысқан адамдарды» деп Нұрбол Жауынбаев майдан даласында емес, тылда еңбек еткен ата-әжелеріміздің ерен еңбегі ескеруісіз қалып жататынын тілге тиек етті.

Сүре айтыстан соң сахна төріне Ақтөбеден Қажымұхан Абзалов пен Түркістаннан Қайырхан Жұбаниязов шығып, түре айтыста шеберлігін көрсетті. Ал Біржан мен Сара үлгісіндегі классикалық қыз-жігіт айтысының үлгісін Дәурен Ақсақалов пен Аруна Керімбек көрсетті. Қайым айтысқа Ақтөбе облысынан 15 жастағы жас ақын Арай Нұрадин қатысып, түркістандық Аян Ниязбекпен жұп болды. Сонымен қатар қос өңірдің күміс көмей әншілері мен жыршылары, термешілері мен күйшілері өзара сайысып, сахнаның сәнін келтірді. Нәтижесінде Түркістаннан келген өнерпаздар ақтөбелік қарсыластарынан басым түсіп, финалға жолдама алды. Өнер көрсеткен саңлақтардың бәрі қомақты ақшалай сыйлықпен марапатталды.

– Ерке Есілдің бойында, бағаналы орда төрінде аламан айтыс өтті. Командалық айтыс өздеріңізге жақсы таныс. Бұл – Аманат партиясының бастамасымен жүзеге асып келе жатқан мега-жоба. Бұл жолы ақындар Отан үшін отқа түскен ата-бабамыздың ерлікке толы ғұмыр жолын жырлап, бүгінгі бейбіт күннің қадірін сұлу сөзбен жеткізді. Енді алдымызда – командалық айтыстың соңғы межесі. Финал түркі әлемінің мәдени астанасы – Ақтау қаласында өтеді. Онда кеше жеңімпаз атанған Қарағанды мен Түркістан облыстарының командалары өнер додасына түседі, – деді Аманат партиясы орталық аппараты саяси жұмыс департаментінің директоры Еркебұлан Жаулыбаев.

## МАЙДАНГЕР ӨНЕРПАЗДАР ӨНЕГЕСІ

Елордада Жеңістің 80 жылдығына орай «Ер есімі – ел есінде» концерті өтті. «Күй анасы» қоғамдық қоры мен К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті бірлесіп ұйымдастырған кеш сұрапыл соғыста қаза болған өнерпаздар мен майданнан аман-есен оралып, өнердің өрістеуіне өлшеусіз үлес қосқан майдангерлердің рухына арналды.

### Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Академик Ахмет Жұбанов ұлттық өнердің қара шаңырағы – Қазақ халық аспаптар оркестрін (қазіргі Құрманғазы оркестрі) құрғанда, оның құрамына ел ішіндегі үздік өнерпаздар қабылданды. Соның бірі – Смағұл Көшекбаев. Ол 1936 жылы Алматыда өткен көркем өнерпаздар байқауында жүлделі орын алып, сол кездегі астанамызда домбырашылық қызметке қалдырылды. Бір айта кетерлігі, Смағұл Құрманғазының «Ертең кетем», «Лаушкен», «Побескі» күйлерін жеткізген орындаушы және осы күйлерді Евгений Брусиловскийге нотаға түсірткен. Ахмет Жұбановтың тапсырмасымен күй анасы Дина Нұрпейісованы Алматыға біржола алып келген де осы Смағұл. Оркестрде



жүргенде ол нотаны меңгеріп, музыка жаза бастады. Оның артында бірнеше шығарма қалды. Атап айтқанда, «Сейтек» музыкалық пьесасы, осы концертте орындалған «Майданға» әні, т. б. туындылар.

1942 жылы соғысқа аттаған Смағұл Көшекбаев майдан газетінде бір актылы пьесалар, соғыс тақырыбына әндер жазып, жариялады. Өкініштісі, соғыстың аяқталуына бір айдан аз уақыт қалғанда, 18 сәуір күні ол Гер-

манияның Торн қаласында қаза тапты.

Сол сияқты Ғабдұлман Матов, Мәлік Жаппасбаев, Ысқақ Уәлиев, Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаровқа «Жас қазақ» әнін арнаған Рамазан Елебаев сынды өнерпаздар соғыстан елге оралмады. Қазақ өнерінің бағына қарай, Нұргиса Тілендиев, Рүстембек Омаров, Тұраш Әбуов, Самиголла Андарабаев майданнан елге Жеңіспен келіп, өнерде өз аттарын ойып тұрып қалдырды.

Концертте осы кештің мән-маңызы туралы «Күй анасы» республикалық қоғамдық қорының төрағасы, педагогика ғылымдарының кандидаты Төлеген Қуанышев, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Айтжан Тоқтаған салиқалы пікір білдірді.

Қазақ өнерінде «Жеңіс» деп аталатын бірнеше музыкалық шығарма бар. Осы кеште Дина Нұрпейісованың, Мұрат Өскенбаевтың және Жалдыбай Елеукеұлының «Жеңіс» аталатын күйлері күмбірледі. Смағұл Көшекбаев жеткізген Құрманғазының «Ертең кетем», «Пабескі», «Лаушкен» күйлері орындалды. Самиголла Андарабаевтың «Өттің, өмір», Тұраш Әбуовтың

«Арнау», Мағауия Хамзиннің «Белгісіз солдат» күйлері ұсынылды. Сонымен қатар Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ», Кенен Әзірбаевтың «Біздің Отан жеңеді», Ғарифолла Құрманғалиевтің «Сүйген жарға», Ғабдұлман Матовтың «Жауды жеңеміз», Мәлік Жаппасбаевтың «Елге сәлем» әндері әуеледі.

Концерттің өтуіне К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» факультеті үлкен үлес қосты. Осы факультеттің ұстаздары мен студенттері өнер көрсетті. Атап айтқанда, студенттік қазақ халық аспаптар оркестрі (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Дәурен Ғылымов), Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Тұраш Әліпбаев, мәдениет саласының үздіктері Батырлан Әбенев, Жұмабек Қадырқұлов, Қайрат Айтбаев, Ерболат Шалдыбеков, Ырысты Сүлейменова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақытжан Дүйсенғазиев шығармаларды орындады. Кеш биыл туғанына 100 жыл толған майталман музыкант, Халық қаһарманы Нұргиса Тілендиевтің «Жеңіс салтанаты» туындысымен түйінделді.



# 80 КҮНДІК ШОРҒА ШАЙҚАСЫ

Атақты Шорға шайқасы – адамзат тарихында орын алған Бородино, Аңырақай, Орбұлақ шайқасы сияқты биік батырлық белгісі. Алайда бұл шайқас өткен тарихи-географиялық аумақ қазіргі таңға дейін дәріптеліп, ескерілмей отыр.

Жоңғарлар Тарбағатай өңірін басып алып, жергілікті халықты Қалбаға қарай босытып жіберген. Осындай қиын кезеңде қазақтың 27 батыры төніп келген дұшпанға бірге тойтарыс береді. Шегінген жау қазіргі Қабанбай ауылының маңындағы Шорға деген жердегі қалың талдың арасын паналап, 80 күн бойы беріспей жатып алған екен. Міне, осы шайқаста Барақ асқан ерлік көрсеткен. Яғни осындағы Барақтың ерлігі «Барақ батыр, Абылай» жырына, Қабанбайдың батырлық істері «Қабанбай батыр» жырына арқау болуы – әбден орынды жағдай. Екі жырдағы батырлардың бірге жүруіне 80 күнге созылған осы Шорға соғысы себепші болған.

Жауды тойтарған 27 батырдың ерлігі туралы ел аузында айтылған осы деректерді тарихи мәліметтер де растай түседі. Мәселен, тарихшылар К.Аманжолов пен А.Тасболатовтың «Қазақстанның әскери тарихы» атты еңбектерінде төмендегідей нақты деректер беріледі: «Қолда бар архив материалдарына сүйенсек, мыңдықтан әскер құраған 29 сардардың, батырлардың руы мен есімі түгел толық келтірілген. Олардың ерлік істері аталмыш жырда шебер суреттеліп, жеріне жеткізіле мадақталады. Осындағы Абылай ханның, Қабанбай батырдың халық тарихындағы орны – дәлелдеуді қажет етпейтін фактілер. Ал Керей, Жәнібек, Саты, Дәулетбай, Саржомарт, Танаш сынды от жүректі өрендер – Қалба, Тарбағатай, Алтай маңында, жоғары Ертіс бойында қалмақпен болған ұрыстарда қайсарлығымен танылған халық батырлары. Ал жырдағы қарт Бөгенбай батырдың есімі

тарихи дәлелдеуді қажет етпейді деген ойдамыз.

Дол осы оқиғаны тарихи тұрғыдан растай түссек, «Қаракерей Қабанбай әскері Тарбағатай тауы мен Қанды су өзені бойында жоңғар әскерін талқандап, Шілік асуымен Зайсан көліне дейін жоңғарлардың ізіне түсіп, Шитөбе, Талдыаралды азат етіп, соңғы қанды шайқастарын қазіргі Үлкен Қаратал, Көкқошқар, Кендірлік, Аққол деген жерлерде жеңіспен аяқтады. Сөйтіп, Зайсан жерінде қазақ халқы ғасыр бойы созылған күресін жеңіспен аяқтады» деген дерекке жолығамыз.

80 күнге созылған бұл соғыс қалай өрбіп, қалай аяқталғанына келейік. Зейнолла Сәнік, Бейсенғали Садыханның «Қаракерей Қабанбай» атты кітабындағы «Шорға соғысы» атты мақала деректеріне жүгінсек, қалмақ-қазақ жағы ит пен мысықтай аңдысқан кезеңде Байжігіт елі 1754-1755 жылдары Шорға өңіріне орналасыпты. Тама батырдың басшылығындағы 1 мыңдай адамы бар жасақ жау жақ шепке қойылса керек. Бірақ Алтайдағы Алқа-білезікке бекінген қалмақтар жансыз жіберіп, қазақ қосындарының ішкі жағдайын біліп алады. Содан кейін қазақтың бейқамдығын пайдаланып, мол жасақпен келеді. Олар алдымен Орқашарда жатқан Тама батыр мен Назарғазы төренің екі мыңнан астам жылқысын қолды етіп, жылқышыларын өлтіріп кетеді. Мұнымен тынбай, Тарбағатай өңірінде тыныш жатқан елге зобалаң туғызып, осы өңірді басып алады. Қазақтардың қалған-құтқаны бас сауғалап, Қалба тауына босып кетеді. Осы қайғылы жағдайды Дәулетбай Қабанбайға жеткіз-

ген соң, ол шайқастарда жүрген барлық қазақ батырына үндеу жолдайды.

Қабанбай баһадүрдің үндеуін қолдап, әр шалғайдан 27 батыр жиналады. Шорға соғысына екі жақтан қанша адам қатысқаны туралы нақты дерек жоқ. Бірақ бұл ұрысқа қазақ-жоңғар соғыстарында сыннан өткен ең таңдаулы әскери құрамалар мен жаужүрек батырлар қатысқаны күмән туғызбайды.

«Заманында Алшынбай ақын осылай жырлаушы еді» деп бұл рухани мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізген Кәрібай ақын Шорға шайқасына қатысқан қазақ батырларын былай дәріптейді:

Қабанбай, Ер Бөгенбай,  
Батыр Барақ,  
Уалы сүйегі уақ батыр  
Бармақ,  
Бердіқожа, Қасабай,  
батыр Жантай,  
Қаз Дауысты Қазыбек  
өңкей саңлақ.  
Баймұрат, Райымбек,  
батыр Тентек.  
Барлығы жауға кеткен  
кегін алмақ,  
Қосай, Тама, Дәулетбай,  
батыр Шөрек.  
Барлығына Қабанбай  
қолбасы боп,  
Айқастық ата жаумен  
бірнеше рет.  
Қалмаққа келіп тидік  
Шорғадағы,  
Бұл жолы кем болмады  
олжа жағы.  
Ер Барақ, батыр Жаман,  
Орақбайдың,  
Аққан қан қылышынан  
сорғалады.

Осы жырдағы аттары аталған қазақ батырларының еліміздің әр түкпірінен келгені аңғарылады. Қанжығалы Бөгенбай Арқадан, батыр Райымбек оңтүстіктен ат терлетіп келіп,

Шорға шайқасында ата жауын қирата жеңіп, Шорға жазығында табандарының ізі қалғаны да таңдандырады.

Сонымен қатар Шорға соғысында ерлік көрсеткен Кенже, Қарасай сияқты жас батырларды атай кеткен орынды. Қарасай батыр қалмақтың Шаған атты әккі, жырынды батырын жайратып тұрып, өзі де сол жекпе-жекте көз жұмған екен. Шорға шайқасы туралы белгілі тарихшы-ғалым Кәмен Мамырұлы марқұмның «Қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы күресі» атты монографиясында, Александр Барт, Айдын Сахановтың «Казахстанская правда» газетінің 1994 жылғы 5 наурыз күнгі нөмірінде жарық көрген «Битва при Шорге» атты мақаласынан мынандай бір үзінді келтіріпті:

«...Жоңғарлардың алауыздығын пайдалана отырып, Қаракерей Қабанбай батыр 1753-1755 жылдары Алтай, Қалба өңірінен жат жұрттықтарды қууға және қазақтардың үш айға созылған Шорға соғысында жоңғарларды күйрете жеңуге жол ашты. Осы соғыстың нәтижесінде Маңырақ, Сауыр таулары, Шілікті жазығы қазақтарға қайтарылып, жоңғар басқыншыларынан азат етілді».

Шорға жазығындағы 80 күндік соғыс қазақ халқының ұлт қаһармандарының ел мен жер тағдырын батыл шешіп, халқын, жерін қорғай алатынын дәлелдеп, береке-бірлігін көрсетеді. Бұл соғыс қазақ-қалмақ шайқасының ең шешуші кезеңі болды, яғни кім жеңеді – сол ел қалпында қалады, кім жеңіледі – ол қайтып ел қалпына келе алмайды. Аталған шайқасқа екі жақтан сан мыңдаған сарбаз қатысты. Ер азаматтардан бөлек, әйел адамдар да жасақ құрып, қолына қару алды (мысалы: Назым, Жәңделі, т. б.).

80 күнге созылған Шорға шайқасы қазақ тарихынан әлі өз бағасын толық ала алмай жүр.

Қайрат АЙТҚОЖИН,  
педагог-зерттеуші

## ЖЕКЕМЕНШІК БАЛАБАҚШАЛАР ЖАБЫЛҒАЛЫ ТҰР

Елордада еліміздің әр өңірінен 250-ден астам жекеменшік балабақшалардың құрылтайшылары жиналып, мектепке дейінгі білім беру саласындағы олқылықтар туралы айтып, бірқатар ұсынысты атап өтті.

Индира  
БЕРЖАНОВА

Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығының ұйымдастыруымен өткен жиын қоғам мен мемлекеттік органдардың назарын салада орын алған жайттарға көңіл аударуға бағытталды. Кездесуде көтерілген басты мәселенің бірі – жан басына шаққандағы қаржыландырудың қысқарып, республикалық субсидияның тоқтағаны. Кәсіпкерлердің сөзінше, бұл жалақы төлеуге де, мекемені ұстап тұруға да мүмкіндік бермей отыр. Баламасын таппаған бизнес өкілдері ата-аналар үшін төлемәкыны өсіру немесе балабақшаны жабу сынды жолды таңдауға мәжбүр.

Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манара Адамованың айтуынша, елімізде жалпы 11872 балабақша бар, оның ішінде 5400-ден астамы – мемлекеттік, 6300-ден астамы – жекеменшік. Республика бойынша қамқорлық көрсетіп, тәрбиесін, білімін қамтамасыз етіп отыр. Бірақ тұрғын үй массивтерінде, жекеменшік үйлер мен көпқабатты үйлердің алғашқы қабаттарында орналасқан бұл әлеуметтік нысандар жер телімінің нысаналы мақсатына сай келмегені үшін жабылу қаупін-

серіс талап етілгенмен, оның іс жүзінде жұмыс істемейтінін, сол сияқты Кәсіпкерлік кодексінің маңызды кепілдіктері алынып тасталып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын хабарландырусыз тексерулер жүргізілетіні сынды мәселелерді көтерді.

Елордалық «Керемет» жекеменшік балабақшаларының құрылтайшысы Майра Байдубекова тұрғын үй мақсатындағы жерлерде орналасқан балабақша нысаналы мақсатын өзгерте алмай жатқандықтан жабылғалы тұрғанын айтып, дабыл қақты.

– Бүгінде Астана қаласында ғана емес, еліміздің өзге өңірлерінде де жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың жүйелі қысқару қаупі туындап отыр. Бұл – кәсіпкерлік саласына ғана емес, жалпы қоғамға тікелей әсер ететін өзекті мәселе. Себебі ондай ұйымдар күн сайын мыңдаған бүлдіршінге қамқорлық көрсетіп, тәрбиесін, білімін қамтамасыз етіп отыр. Бірақ тұрғын үй массивтерінде, жекеменшік үйлер мен көпқабатты үйлердің алғашқы қабаттарында орналасқан бұл әлеуметтік нысандар жер телімінің нысаналы мақсатына сай келмегені үшін жабылу қаупін-



теңгені құрайды. Қаржыландыру көлемін азайту туралы ұсыныс министрлік тарапынан емес, жергілікті атқарушы органдардың бастамасымен көтерілді. Мәселен, Қызылорда облысында экологиялық коэффицентті қосқанда, бұл көлем – 72-73 мың теңге. Мұны азайтуға байланысты кәсіпкерлер тарапынан туындаған ұсыныстар әлі де қарастырылады, – деді М.Адамова.

Ал «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Тимур Нақыпбеков шағын және орта бизнесті ілгерілету бағытталған қадамдар туралы айта келе, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленіп жүрген 1 миллионға жуық баланың 60 пайызы жекеменшік балабақшалармен қамтылғанын растады.

Жиын кезінде кәсіпкерлер медицина кабинетіне тек-

де тұр. Көпшілігі санитарлық және білім беру нормаларын толық сақтап отырса да, тек жердің құқықтық мәртебесіне байланысты қысымға ұшырауда. 2024 жылдан бері өз жерінің нысаналы мақсатын өзгертуге өтініш берген жеке балабақшалар ешқандай оң жауап алған жоқ. Ал қазіргі ережеге сәйкес, ол үшін балабақша орналасқан ғимаратты толығымен бұзып, наңа жоспарға сай қайта салу қажет. Бұл – ақылға сыймайтын талап. Мәселе бірнеше мемлекеттік органның қарауына жолданып, тіпті Үкімет отырысында көтерілгенмен, нақты шешім қабылданбай келеді, – деді балабақша құрылтайшысы.

Бас прокуратура, жауапты министрлік пен елордағы Білім басқармасының өкілдері қатысқан кездесуде аталған барлық мәселе бойынша бірқатар ұсыныс ортаға салынды.

Газетіміздің келесі саны  
2025 жылғы 9 мамыр – жұма күні шығады.

БАСПАСӨЗ-2025

ГАЗЕТКЕ 2025 ЖЫЛҒА  
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ГАЗЕТІМІЗДІ «АЭПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ,  
СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА  
(Достық көшесі 13, 7-қабат-2-ТҚ) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индикс: 65617

«Қазпошта» АҚ арқылы  
жазылу бағасы

Жеке  
жазылушылар  
үшін

1 айға686,89

3 айға2 060,67

6 айға4 121,34

Индикс: 15617

«Қазпошта» АҚ арқылы  
жазылу бағасы

Кәсіпорындар  
мен  
ұйымдар үшін

1 айға946,89

3 айға2 840,67

6 айға5 681,34

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ



РЕДАК



## ЖЕҢІСТІ ҰЛЫҚТАҒАН БӘЙГЕ

Елорда іргесіндегі «Қазанат» атшабарында жүлде қоры 120 млн теңгені құрайтын Astana Cup республикалық турнирі өтті. Дүбірлі додаға еліміздің 20 өңірінен 100-ге жуық жүйрік қатысты.



Ат жарысының ашылу салтанатында ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары Серік Жарасбаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Әлемдік деңгейдегі «Ұлы дала жорығы» бәсекесі басталды. Біз де айтулы шарадан қалыс қалмай, Астана

төрінде Astana Cup бәйгесін ұйымдастырдық. Осы жарыспен биылғы ат спорты маусымын ашып отырмыз, – деді вице-министр Серік Жарасбаев.

Бәйге 6 түрлі қашықтық бойынша өтті.

Ұшқыр бәйге – 1200 метр: 1-орын – «Скайлер Блэйк» (шабандоз – Расул Алпысбай, бапкер – Мағомет Каппу-



шев, иесі – Марат Кушеров) – 5 млн тг; 2-орын – «Икарус» – 3 млн тг; 3-орын – «Амайя» – 2 млн тг.

Ұшқыр бәйге – 1600 метр: 1-орын – «Мэрайя» (шабандоз – Күрімбек Дидарбек, иесі – Владимир Старых) – 5 млн тг; 2-орын – «Хакан» – 3 млн тг; 3-орын – «Шардара» – 2 млн тг.

Ұшқыр бәйге – 1800 метр: 1-орын – «Нур Шатоя» (шабандоз – Күрімбек Дидарбек, иесі – Қайрат Жұмағалиев) – 5 млн тг; 2-орын – «Пионер Пак» – 3 млн тг; 3-орын – «Фат Ир» – 2 млн тг.

Ұшқыр бәйге – 2000 метр: 1-орын – «Флэтчер» (шабандоз – Расул Алпысбай, иесі – Марат Кушеров) – 15 млн тг; 2-орын – «Кип Голд» – 10 млн тг; 3-орын – «Ел Орда» – 5 млн тг.

Топ бәйге – 12 шақырым: 1-орын – «Байдик» (шабандоз – Диас Жартыбай, иесі – Ардақ Сарсекеев) – 15 млн тг; 2-орын – «Бәйтерек» – 10 млн тг; 3-орын – «Найза» – 5 млн тг.

Аламан бәйге – 18 шақырым: 1-орын – «Қарлығаш» (шабандоз – Амир Сера-лы, иесі – Мейрамхат Исаков) – 15 млн тг; 2-орын – «Көкдауыл» – 10 млн тг; 3-орын – «Тасқын» – 5 млн тг.



## БАЛЕТ КЕШІ

Ел астанасында Қазақ ұлттық хореография академиясының есеп беру концерті өтті. «Astana Ballet» театрының сахнасында ұйымдастырылған кеште академияның білім алушылары мен бітіруші түлектері өз өнерін ортаға салды.

Индира  
БЕРЖАНОВА

Дүниежүзілік тәжірибе үлгісін ұстана отырып, шәкірттерге хореография саласында кәсіби білім беруді мақсат еткен академия кеш барысында нағыз би шеберлерін шыңдап келе жатқанын айқын көрсетті. Дәстүрлі түрде жыл сайын өтетін концертте үздіктердің үздігі ғана іріктеліп, бірегей бағдарламамен көпшілікті ерекше таңғалдырды.

– Білім алушыларымыз жыл сайын өздерінің өнерін көрсетуді игі дәстүрге айналдырып келеді. Биылғы концерт екі күн қатарынан қойылып, оның әр күнінде қойылған хореографияны бірнеше құрам қатар орындады. Осылайша, біз әр білім алушыға бірдей мүмкіндік беруді көздейміз. Бір ерекшелігі, білікті ұстаздарымыздың жетекшілігімен қойылған өнер туындылары өткен жылдары қайталанбаған, әр кеште жаңа репертуарларды көрерменге паш етуді қалаймыз. Білім алушыларымыз да сол арқылы киелі сахнада

тәжірибе жинап, әрі қарай әр адамның жүрегінен орын алатын нағыз өнер тарландарын тәрбиелейміз деген сенімдемін, – деді өз сөзінде Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры Бибігүл Нүсіпжанова.

Әлемдік классикалық балет дәстүрлерін сақтап, халқымыздың ұлттық-мәдени мұрасын негізге алған академия өнерсүйер қауым үшін халық музыкасының негізінде қойылған «Ақбаян» биін, А.Аданның «Корсар», «Жизель», П. Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» үзінділері мен Ф.Яруллиннің «Шурале» балетінен татар биі сынды көркем қойылымдарын көрсетті. Барлық өнер туындысы «Astana Ballet» балет труппасының көркемдік жетекшісі, әлемдік балет жұлдызы Алтынай Асылмұратованың бастамасымен қойылды. Мың бұралған бишілердің шеберлігі, сахнадағы алаулаған жалын мен шынайы сезім көрінісінің арқасында Қазақ ұлттық хореография академиясының қорытынды кеші көрермен қауымның жүрегін баурап, ерекше күйге бөледі.



## «АСТАНА» КЛУБЫ ТОП ЖАРДЫ

Бас қаланың «Барыс» спорт кешенінде жастар хоккей лигасының жаңа чемпионы – «Астана» командасын марапаттау шарасы өтті.

Еліміздегі 13 хоккей клубының қатысуымен өткен лига ресми түрде мәреге жетіп, «Астана» клубы өз тарихында алғаш рет топ жарды.

Чемпионатта 7-орын алған елордалықтар плей-офта бірден мықтыларға тап болды. Олар ширек финалда абсолютті чемпион саналған «Барыс-

ты», жартылай финалда былтырғы қола жүлдегер «Торпедоны» және финалда тәжірибелі ойыншылардан жасақталған «Ақтөбені» жеңіп кетті.

Салтанатты шараға хоккей ардагерлері келді, чемпиондардың құрметіне мұз айдынында мәнерлеп сырғанаудан қойылым көрсетілді.



## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Астанадағы «Дәулет» теннис орталығында теннистен Virtus әлем чемпионаты басталды. Осылайша, Қазақстан интеллектуалды даму ерекшеліктері бар жанандық доданы Азия құрлығынан бірінші болып қабылдаған ел атанды.

Айтулы шараның ашылу салтанатына ТСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит, Virtus халықаралық федерациясының өкілі Лесли Вайтхэд, Қазақстан теннис федерациясының вице-

президенті Диас Досқараев қатысты.

«Елімізде инклюзивті теннистің дамуына көңіл бөлініп келеді. Үш жылдың ішінде Қазақстанның 8 қаласында арбадағы теннис секциясы ашылды. Қазақстан кубогы, Қазақстан чемпионаты өтіп тұрады. 2024 жылы ұлттық құрамымыз жасақталып,

әлем чемпионатына қатысты. Екі теннисшіміз әлемдік рейтингте ТОП-200-ге кіріп үлгерді. Енді өз жерімізде алғаш рет жаһандық доданы қабылдау құқығына ие болып жатырмыз. Барлығыңызға сәттілік тілеймін!» деді Қазақстан теннис федерациясының вице-президенті Диас Досқараев.

Бәсекеге, Қазақстаннан бөлек, Бельгия, Австралия, Польша, Италия, Ұлыбритания, Үндістан, Франция елдерінен 50-ден астам спортшы келді. Жарыс барысында қатысушылар 5-10 мамыр аралығында үш санат бойынша (жеке-лей, жұптық, командалық сайыс) жүлделерді сарапқа салады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 52

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru  
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР